1	Мақсаты	11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу	11.4.5.1 - мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдану; 11.4.1.1 - мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.3.4.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу;	11.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық); 11.3.3.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
2	Жоғары деңгей	7 оқушы	5 оқушы	8 оқушы	6 оқушы
3	Орта деңгей	15 оқушы	16 оқушы	14 оқушы	15 оқушы
4	Төмен деңгей	4 оқушы	5 оқушы	4 оқушы	5 оқушы
5	Өте төмен	-	-	-	-

Сыныптың деңгейі жақсы. Жоғарыда көрсетілгендей, 4 дағды бойынша кедергілері бар оқушылар кездеседі. Бұл оқушылардың деңгейін көтеруге жұмыс жасалды, ілгерілеу бар. Сабақты меңгеруіне жеке темперамент ерекшеліктері, әлеуметтік жағдайлары да әсер етеді. Басқа елден келіп, тілді бастапқы деңгейден үйреніп жатқандар да, орыстілді балалар да бар.

2025-2026 оқу жылында пәндік қорытынды есебі

Сынып- 9 «А», «Б»

Барлығы- 45

Пәні- Қазақ тілі

Пән мұғалімі: А.Е. Әбутәліп

№	Дағды	Тыңдалым/ Айтылым	ӘТН	Оқылым	Жазылым
1	Мақсаты	9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу	9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу	9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу;	9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; 9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)
2	Жоғары деңгей	19 оқушы	18 оқушы	20 оқушы	21 оқушы

3	Орта деңгей	20 оқушы	22 оқушы	18 оқушы	19 оқушы
4	Төмен деңгей	6 оқушы	5 оқушы	7 оқушы	5 оқушы
5	Өте төмен				

Сыныптың деңгейі жақсы. Жоғарыда көрсетілгендей, 4 дағды бойынша кедергілері бар оқушылар кездеседі. Бұл оқушылардың деңгейін көтеруге жұмыс жасалды, ілгерілеу бар. Сабақты меңгеруіне сабаққа деген жауапкершілігі де әсер етеді.

Сынып- 5 «Ә»

Барлығы- 21

Пәні- Қазақ тілі

Пән мұғалімі: А.Е. Әбутәліп

№	Дағды	Тыңдалым/ Айтылым	ӘТН	Оқылым	Жазылым
1	Мақсаты	5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру	5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру	5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу	5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу;
2	Жоғары деңгей	8 оқушы	9 оқушы	10 оқушы	8 оқушы
3	Орта деңгей	10 оқушы	9 оқушы	8 оқушы	10 оқушы
4	Төмен деңгей	3 оқушы	3 оқушы	3 оқушы	3 оқушы
5	Өте төмен				

Сыныптың деңгейі жақсы. Жоғарыда көрсетілгендей, 4 дағды бойынша кедергілері бар оқушылар кездеседі. Бұл оқушылардың деңгейін көтеруге жұмыс жасалды, ілгерілеу бар. Сабақты меңгеруіне жеке темперамент ерекшеліктері, әлеуметтік жағдайлары да әсер етеді. Басқа елден келіп, тілді бастапқы деңгейден үйреніп жатқандар да, орыстілді балалар да бар.

Сынып – 8

Барлығы – 93

Пәні – Қазақ тілі

Пән мұғалімі: Н.Р. Рамазанова

№	Дағды	Айтылым\ Тыңдалым (тыңдау)	Оқылым	Жазылым	ӘТН
1	Мақсаты				
		8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; 8.1.2.1 әлеуметтік- қоғамдық, мәдени- тарихи тақырыптарға	8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 8.2.3.1 мақала, аннотация құрылымы мен	8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау;	8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану; 8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз

		байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу.	ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау.	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазу; 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе).	сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану; 8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану.
2	Жоғары деңгей	16 оқушы	16 оқушы	10 оқушы	10 оқушы
3	Орта деңгей	44 оқушы	44 оқушы	50 оқушы	50 оқушы
4	Төмен деңгей	30 оқушы	30 оқушы	29 оқушы	29 оқушы
5	Өте төмен	3 оқушы 1. Мұқанғали Саян (8 А) 2. Таубай Дархан (8 В) 3. Арманұлы Бейбарыс (8 Г)	3 оқушы 1. Мұқанғали Саян (8 А) 2. Таубай Дархан (8 В) 3. Арманұлы Бейбарыс (8 Г)	4 оқушы 1. Мұқанғали Саян (8 А) 2. Таубай Дархан (8 В) 3. Арманұлы Бейбарыс (8 Г) 4. Асылбекұлы Арсен (8 Ғ)	4 оқушы 1. Мұқанғали Саян (8 А) 2. Таубай Дархан (8 В) 3. Арманұлы Бейбарыс (8 Г) 4. Турсунбаев Курбанбек (8 Г)

2024–2025 оқу жылында 8-сыныпта барлығы 93 оқушы қазақ тілі пәнінен білім алды. Жыл бойында оқушылардың айтылым/тыңдалым, оқылым, жазылым, ӘТН (әдеби тіл нормасы) дағдылары бағаланды.

Нәтижесінде оқушылардың пәндік үлгерімі төмендегідей деңгейлерге бөлінді:

Оқушылардың жалпы үлгерімі:

Жоғары деңгей:

Айтылым/тыңдалым – 16 оқушы

Оқылым – 16 оқушы

Жазылым – 10 оқушы

ӘТН – 10 оқушы

Орта деңгей:

Айтылым/тыңдалым – 44 оқушы

Оқылым – 44 оқушы

Жазылым – 50 оқушы

ӘТН – 50 оқушы

Төмен деңгей:

Айтылым/тыңдалым – 30 оқушы

Оқылым – 30 оқушы

Жазылым – 29 оқушы

ӘТН – 29 оқушы

Өте төмен деңгейде нәтиже көрсеткен оқушылар:

Бірнеше оқушы барлық дағды бойынша өте төмен нәтиже көрсетті. Олардың қатарында: Мұқанғали Саян, Таубай Дархан, Арманұлы Бейбарыс, Асылбекұлы Арсен бар.

Әр дағды бойынша кездескен негізгі кедергілер:

1. Айтылым/Тыңдалым:

Тыңдалған мәтіннің мазмұнын толық түсінбеу;

Проблемалық сұрақтарға дәлелді жауап беру кезінде сөздік қорының аздығы;

Диалогке белсенді қатыспау, эмоциялық реңкті сөздерді орынды қолдануда қиындықтар;

Пікір білдіруге, ойын ашық айтуға тілінің шорқақтығы.

2. Оқылым:

Мәтіннің стилін, құрылымын және мақсатын, жанрлық ерекшелігін ажырата алмау;

Ғылыми және публицистикалық мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтауда кедергілер;

Тақырыпты түсінуге зейін қоймау, сөздердің мағынасын түсіне алмау.

3. Жазылым:

Эссе мен мақала құрылымын сақтамау, ойды жүйелей алмау;

Тақырып бойынша мазмұнды аша алмау;

Стильдік ерекшеліктерді ескермеу;

Көркемдегіш құралдарды қолдана алмау; сөздік қорының аздығы

Өз көзқарасын дәлелмен жазуда қиындықтар.

4. ӨТН (Әдеби тіл нормасы):

Орфографиялық нормаларды сақтамау;

Тыныс белгілерін дұрыс қоймау;

Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің қызметін дұрыс түсінбеу, т.б.;

Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін ажырата алмау, т.б.

Қорытынды:

Алдағы уақытта өте төмен және төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен қосымша жұмыстар

ұйымдастырылып, жеке оқу траекториясы жасалады.

Сынып-10

Барлығы-68

Пәні- Қазақ тілі

Пән мұғалімі: Сайлаубаева Гулжан Женисовна

№	Дағды	Айтылым	Тыңдалым (тыңдау)	Оқылым	Жазылым
1	Мақсаты	10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	10.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері)	10.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;	10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе))
2	Жоғары деңгей	18 оқушы	18 оқушы	18 оқушы	18 оқушы
3	Орта деңгей	25 оқушы	25 оқушы	25 оқушы	35 оқушы
4	Төмен деңгей	20 оқушы	18 оқушы	20 оқушы	15 оқушы
5	Өте төмен	5 оқушы 1. Калкенов Р. 2. Берікбол Б 3. Жүніс Д 4. Тілеужан Н 5. Нысанбаева Ә	7 оқушы 1. Калкенов Р. 2. Берікбол Б 3. Жүніс Д 4. Тілеужан Н 5. Нысанбаева Ә	5 оқушы 1. Калкенов Р. 2. Берікбол Б 3. Жүніс Д 4. Тілеужан Н 5. Нысанбаева Ә	5 оқушы 1. Калкенов Р. 2. Берікбол Б 3. Жүніс Д 4. Тілеужан Н 5. Нысанбаева Ә

		6.Джаллоддинов Ұ.		
--	--	-------------------	--	--

Сыныптың қазақ тілінен жалпы деңгейі орта болып саналады, оқушылар тілдік дағдыларды оқып үйренуде әр түрлі кедергілерге кездеседі.

Айтылым дағдысы тыңдалыммен қатар жүретін дағды болғандықтан, тыңдалған мәтіннен, шығармадан мазмұндауда өте төменгі деңгейдегі киналады.

Өртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі аудиториясын, көркемдегіш құралдарын талдауда киналады.

Тыңдалым дағдысында көтерілген мәселені талдауда басым бөлігі орта деңгейдегі сапаны көрсетеді, тыңдалған мәтінге қатысты ойларын жеткізу, көзқарастарын нақты білдіруге киналады. Мақала құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратуда жанрларын талдауда кедергілер кезедеседі.

Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыруда, өңдеуде, мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыруда, маңызды тұстары мен үрдістерді анықтап жазуда кедергілерге кездеседі.

Жазылым дағдысында жалпы эссе ғана емес, қарапайым жоспар құрып, мазмұннан ауытқымай мәтін құрасырып жазу, сипаттау эссесі, келісу/келіспеу эссесін жазуда сөйлемдердің байланысы, сөздерді дұрыс қолдануда, эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылауда, өз ойын дәлелдеп жазуда, дәлелдер келтіруде төменгі және өте төмен деңгейдегілерде кедергілер басым. Сонымен қатар құрмалас сөйлемдерді қолданудағы тыныс белгілерін дұрыс қоюда төменгі және өте төменгі деңгейдегілер киналады.

Жазылым кезіндегі оқушылар үшін ең күрделісі-тыныс белгілер. Тыныс белгілердің қойылу ережелерін еңгеруде әсіресе, жазба жұмыстарында қолдануда сақталмайды. Ой тиянақталмайды, сөйлем жіктері ажыратуда өрескел қателер жібереді.

Ұсыныс:

-оқу сауаттылығын арттыруға арналған қосымша сабақты ұдайы жүргізу;

-эссе жазу үшін түрлі әдістерді қолдану;

- диктант, мазмұндама алу.

Сынып-10

Барлығы-68

Пәні- Қазақ әдебиеті

Пән мұғалімі: Сайлаубаева Гулжан Женисовна

№	Дағды	«Түсіну және жауап беру»	«Анализ және интерпретация» бойынша:	«Бағалау және салыстыру» бойынша:
1	Мақсаты	10.1.1.1 - әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну; 10.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;	10.2.1.1 - әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; 10.2.2.1 - шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау;	10.3.3.1 - шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу 10.3.4.1 - шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу
2	Жоғары деңгей	18 оқушы	18 оқушы	18 оқушы
3	Орта деңгей	25 оқушы	25 оқушы	25 оқушы
4	Төмен деңгей	20 оқушы	18 оқушы	20 оқушы
5	Өте төмен	5 оқушы 1. Калкенов Р. 2. Берікбол Б 3. Жүніс Д 4. Тілеужан Н 5. Нысанбаева Ә	7 оқушы 1. Калкенов Р. 2. Берікбол Б 3. Жүніс Д 4. Тілеужан Н 5. Нысанбаева Ә 6.Джаллоддинов Ұ.	5 оқушы 1. Калкенов Р. 2. Берікбол Б 3. Жүніс Д 4. Тілеужан Н 5. Нысанбаева Ә

«Түсіну және жауап беру». Төмен және өте төмен деңгейдегі оқушылар кез келген шығарманың сюжетін талдауда, идеясын ашуда, кейіпкерлер жүйесін талдауда көп кедергілерге ұшырайды. Бұл жердегі басты қателік оқушылардың әдеби шығарманы оқуда қызығушылықтың болмауы. Есте сақтау қабілеттерінің төмендігі. Әдеби шығармадағы көтерілген мәселені аша білуде қателіктер жібереді.

«Анализ және интерпретация» бойынша жоғары деңгейдегі оқушылар шығармадағы мәселені өмірмен байланыстыра алады, өз ойларын еркін жеткізеді, шығармашылық жұмыста қолдана алады.

Төмен және өте төмен деңгейдегі оқушылар бұл мақсаттардың орындалуында көп қателер жібереді, шығармадағы автор идеясын ашуда қиналады, ойларын шоғырландыра алмайды.

«Бағалау және салыстыру» бойынша көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беруде, шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалауда жоғары деңгейдегі оқушылар тек мұғалімнің көмегімен нәтижеге қол жеткізе алады, олар үшін бұл қиындық тудыратын мақсат. Ал төмен және өте төмен деңгейдегі оқушылар бұл мақсатта тек жеңілдетілген тапсырмалар арқылы ғана орындайды. Мысалы, ПОПС формуласы сияқты әдістерді қолдану арқылы.

Ұсыныс: Әдебиет сабағында оқушылардың шығарманы талдауға дағдыландыру үшін, «Көркем шығарманы талдау» қосымша бағдарлама құрау.

Бос уақыттарын кітап оқуға баулуға үйрету;

Пікір сайыстар, дебаттар жиі ұйымдастыру. Оқушыларға арналған драмалық үйірмелер ашу.

Ұсыныс:

1. Кейбір оқушылар көркем шығарманың мазмұнын толық оқи алмайды, тым ауыр шығармалар бар. Шағын әңгімелерден үзіндіні талдауға дағдыландыру қажет.

2. Оқушы жағдайына сай шығармаларды оқуы тиіс. Сол сыныпта оқитын шығарманы талдауға арналған арнайы бағдарлама жасау керек.

3. Эссе жазу сауаттылық өте төмен, сондықтан диктант, мазмұндама, көркем жазу сияқты жазба жұмыстарын енгізу қажет деп санаймын.

Сынып-11

Барлығы-43

Пәні- Қазақ әдебиеті

Пән мұғалімі: Сайлаубаева Гүлжан Женисовна

№	Дағды	Тыңдалым/ Айтылым	ӘТН	Оқылым	Жазылым
1	Мақсаты	11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу	11.4.5.1 - мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдану; 11.4.1.1 - мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.3.4.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу;	11.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық); 11.3.3.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
2	Жоғары деңгей	11 оқушы	11 оқушы	11 оқушы	11 оқушы
3	Орта деңгей	14 оқушы	14 оқушы	14 оқушы	14 оқушы
4	Төмен деңгей	5 оқушы	5 оқушы	5 оқушы	5 оқушы

5	Өте төмен	2оқушы 1.Мұрат А 2. Дайрабаев М	2оқушы 1.Мұрат А 2. Дайрабаев М	2оқушы 1.Мұрат А 2. Дайрабаев М	2оқушы 1.Мұрат А 2. Дайрабаев М
---	------------------	---------------------------------------	---------------------------------------	---------------------------------------	---------------------------------------

Сыныптың деңгейі жақсы. Жоғарыда көрсетілгендей, 4 дағды бойынша кедергілері бар оқушылар кездеседі. Бұл оқушылардың деңгейін көтеруге жұмыс жасалды, ілгерілеу бар. Сабақты меңгеруіне жеке темперамент ерекшеліктері, әлеуметтік жағдайлары да әсер етеді. Басқа елден келіп, тілді бастапқы деңгейден үйреніп жатқандар да, орыстілді балалар да бар.

Сынып-11

Барлығы-43

Пәні- Қазақ әдебиеті

Пән мұғалімі: Сайлаубаева Гулжан Женисовна

№	Дағды	Тыңдалым/ Айтылым	ӘТН	Оқылым	Жазылым
1	Мақсаты	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау;	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау	11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру	11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау
2	Жоғары деңгей	11 оқушы	11 оқушы	11 оқушы	11 оқушы
3	Орта деңгей	14 оқушы	14 оқушы	14 оқушы	14 оқушы
4	Төмен деңгей	5 оқушы	5 оқушы	5 оқушы	5 оқушы
5	Өте төмен	2оқушы 1.Мұрат А 2. Дайрабаев М	2оқушы 1.Мұрат А 2. Дайрабаев М	2оқушы 1.Мұрат А 2. Дайрабаев М	2оқушы 1.Мұрат А 2. Дайрабаев М

Сыныптың деңгейі жақсы. Жоғарыда көрсетілгендей, 4 дағды бойынша кедергілері бар оқушылар кездеседі. Бұл оқушылардың деңгейін көтеруге жұмыс жасалды, ілгерілеу бар. Сабақты меңгеруіне жеке темперамент ерекшеліктері, әлеуметтік жағдайлары да әсер етеді. Басқа елден келіп, тілді бастапқы деңгейден үйреніп жатқандар да, орыстілді балалар да бар.

БІЛІМДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ ТОЛЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ОҚУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ИГЕРІЛУІ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Шетел тілі бойынша: Лексикалық қорды дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру; Грамматиканы визуалды әдістер арқылы бекіту; Listening және Speaking дағдыларына басымдық беру; Жазылымды кезең-кезеңімен дамыту

Орыс тілі пәні бойынша: үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс (дифференциация, темперамент негізінде тапсырмалар жасау); ауызша және жазбаша сөйлеуді дамытуға мән беру (оқылым «дауыстап оқу», тыңдалым «жоғары деңгейдегі сұрақтар құрастыру және жауап бьеру»); ЖИ пайдалану (танымдық ойындар жасату).

Математика пәні бойынша: деңгейлік тапсырмалар беру; математикалық ойын сабақтар арқылы қызықтыру; үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі, жеке, шағын топтық жұмыстар жасау; теориямен қатар практикалық есептерді өмірмен байланыстыра түсіндіру; ЖИ құралдарын пайдалану.

Физика пәні бойынша: үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс; жасанды интелект, симуляция, модельдерді қолдану; формуламен жұмыс алгоритмін жүйелеу; терминдермен жүйелі жұмыс жүргізу; тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды көбейту; ойын, сайыс, функционалдық тапсырмаларды енгізу.

Информатика пәні бойынша: жеке және сараланған жұмыс; қадамдап оқыту; практикалық және ойын тапсырмалар; ЖИ құралдарын пайдалану.

Әр пән бойынша оқу мақсаттарының меңгерілу деңгейіне талдау жүргізіп, төмен нәтиже көрсеткен тақырыптар бойынша нақты түзету жұмыстарының жоспарын әзірлеу;

Барлық пәндерде анықталған негізгі олқылықтар (мәтінді есептер, пайыздар, қолданбалы тапсырмалар және т.б.) бойынша қосымша сабақтар мен консультациялар жүйелі түрде ұйымдастыру;

Үлгерімі төмен және өте төмен деңгейдегі оқушыларды ерекше бақылауға алып, олармен жеке білім беру траекториясы бойынша жұмыс жүргізу;

Оқушылардың оқу дағдыларын дамыту мақсатында:

мәтінмен жұмыс жасау,

есептің шартын түсіну,

талдау және шешу жолдарын дұрыс құру дағдыларын қалыптастыруға басымдық беру;

Пән мұғалімдеріне тақырыптық және элементтік талдау жүргізу дағдыларын жетілдіру, саралап оқыту әдістерін тиімді қолдану;

Сабақ барысында оқушылардың деңгейіне сәйкес деңгейлік тапсырмаларды көбірек қолдану, білімдегі алшақтықты азайту;

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін үнемі талдап, соның негізінде оқыту процесіне түзетулер енгізу;

Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін практикалық, өмірмен байланысты тапсырмалар үлесін көбейту;

Ата-аналармен бірлескен жұмысты күшейтіп, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған кері байланысты тұрақты жүргізу;

ОҚУ МАҚСАТТАРЫН SWOT ТАЛДАУ

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
• Оқушылардың көпшілігі мәтіннің жалпы мағынасын түсінеді және оны мазмұндай алады.	Оқушыларға мәтінді талдау және қорытынды жасау қиын соғады.
• Көптеген сыныптарда білім деңгейі орта және жоғары деңгейде.	• Жазбаша жұмыстар (эссе) үлкен қиындық туғызады.

• Оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай логикалық түрде құрылған.	• Көптеген оқушылардың сөздік қоры жеткіліксіз.
• Мұғалімдер оқушылардың қателіктерінің себептерін нақты анықтап, сипаттай алады.	• Ауызша сөйлеу және өз ойын дәлелдеу дағдылары әлсіз дамыған.

Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
• Білім деңгейі төмен оқушыларға мақсатты, жеке қолдау көрсетуге мүмкіндік бар.	Терең түсінусіз, тек формалды оқытуға көшу қаупі бар.
• Ойлау, сөйлеу және дәлелдеу дағдыларын дамытуға жағдай жасалған.	• Үнемі қиындықтарға тап болу пәнге деген қызығушылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін.
• Практикалық тапсырмаларды (эссе жазу, пікірталас, талқылау) жиі қолдануға болады.	• Қорытынды аттестацияға жеткіліксіз дайындық қаупі бар.
• Ерте түзету жұмыстары (5–7 сыныптарда) жоғары сынып оқушыларына көмектеседі.	• Сөйлеу дағдыларындағы қиындықтар мектеп бітіру кезінде де сақталуы мүмкін

ЗЕРТХАНАЛЫҚ, ПРАКТИКАЛЫҚ, САРАМАНДЫҚ – ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖҮРГІЗУ САПАСЫ

2025–2026 оқу жылында биология, физика және химия пәндері бойынша білім алушыларға зертханалық және практикалық жұмыстардың орындалу барысына талдау жүргізілді.

Талдау нәтижесінде төмендегідей жағдайлар анықталды:

1. Зертханалық және практикалық жұмыстардың орындалу деңгейі:

Биология пәні бойынша зертханалық және практикалық жұмыстар орындалған, алайда толық қамтылмаған;

Физика және химия пәндері бойынша зертханалық және практикалық жұмыстар ішінара жүргізілген, оқу бағдарламасына сәйкес толық орындалмаған;

Кейбір тақырыптар бойынша қарастырылған жұмыстар өткізілмеген немесе формалды түрде ғана жүзеге асырылған.

2. Себептері:

Практикалық жұмыстарды жоспарлау мен уақытты тиімді бөлмеу;

Мұғалімдердің зертханалық жұмысты ұйымдастырудағы әдістемелік олқылықтары;

Құрал-жабдықтарды жеткілікті деңгейде қолданбау;

Әкімшілік бақылаудың жеткіліксіздігі.

3. Материалдық-техникалық база жағдайы:

Зертханалық кабинеттерде құрал-жабдықтар мен реактивтердің ұқыпсыз сақталғаны анықталды;

Кабинеттерде жүйелілік пен талапқа сай тәртіп сақталмаған;

Құралдарды есепке алу және сақтау жұмыстары жеткіліксіз деңгейде жүргізілген.

Жаратылыстану пәндері бойынша зертханалық және практикалық жұмыстардың толық көлемде орындалмауы оқушылардың тәжірибелік дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптасуына кері әсер етеді және оқу бағдарламасының сапалы меңгерілуін төмендетеді.

2026–2027 оқу жылына ұсыныстар:

Әр пән мұғалімі зертханалық және практикалық жұмыстарды толық қамтитын нақты жоспар құруы қажет;

Орындалған жұмыстарды жүйелі түрде тіркейтін бақылау журналын енгізу;

Зертханалық кабинеттердегі құрал-жабдықтарды ретке келтіру, МІБ енгізу;

Қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын қатаң бақылауға алу.

АРАЛЫҚ ЕМТИХАН НӘТИЖЕСІ

Өткізілген күні: 26.05.2026 жыл

Қатысқандар: 5-6-7 сынып оқушылары, қазақ тілі пән мұғалімдері, сынып жетекшілері

5 -сыныптар бойынша аралық емтихан сағат 09:00-де басталып, 12:00-де аяқталды. Оқушылардың барлығы мектеп формасымен келген. Оқушылар емтиханға кешікпей уақында басталды. Емтихан басталар алдында 8:30 -да қазақ тілі пән ұсатздарына аралық емтихан төрайымы мектеп директоры Г.А.Абдраманова емтиханның өткізу барыс мен жүргізілу тәртібін түсіндіріп өтті. Пән ұсатздары сағата 08:50-де оқушылардың ұялы телефондарын жинап, емтихан барысындағы ережелермен таныстырып өтті. 5 «Д» сыныпта ЕББҚ оқушысы Елубай Нұрай Жангелдіқызы анрайы емтиханнан босату туралы анықтамасы бар, № 118 ЖСН 130816603978 дәрігерлік консультациялық комиссияның №026/е нысанындағы қорытындысы, осы оқушыға мектептен арнайы бұйрық шығарылған №189 бұйрық, 25 мамыр, 2026 жыл. 6 сыныптар 12.00-14.00 аралығында аралық емтихан өткізілді. Барлық оқушылар түгел қатысты. Үйден оқитын ЕББҚ оқушы Аширбаева Ақниет Абзалқызы - №838 ВКК анықтамасы бар. ПМПК қорытындысы бойынша: Зиятының орташа бұзылуы. Мінез – құлықтың бұзылуы. 7 сыныптар бойынша барлық оқушылар толық қатысты.

Емтихан қорытындысы /5-7 сыныптар 2025-2026 оқу жылы/

Қазақ тілі бойынша 5-7 сыныптар бойынша аралық емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізілді.

Негізгі мақсаты:

- ✓ білім алушылардың қазақ тілі бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруін бағалау;
- ✓ оқу және жазу сауаттылығы деңгейін анықтау
- ✓ білім алушылардың «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты тарапына сәйкес бағалау.
- ✓ **Міндеті:** білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығы мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.
- ✓ Биылғы оқу жылында жалпы 5-7 сыныптарда 489 оқушы аяқтады. Жекелей келе, 5 сыныптарда 181 оқушы, 6 сыныптарда 159 оқушы, 7 сыныптарда 149 оқушы. Аралық емтиханға 488 оқушы қатысты. 2 оқушы денсаулығына байланысты босатылды, үйден оқытылатын оқушы Аширбаева Ақниет Абзалқызы 6А сынып, Елубай Нұрай Жангелдіқызы 5 «Д» сынып. Оқушылардың ВКК және ПМПК анықтамалары бар.
- ✓ Мектеп директорының бұйрығының негізінде аралық емтихан комиссиясы және тапсыру кестесі бекітілген. Дайындық кестесі қойылған.

Сыныптар	Барлық оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Үздіктер	Екпінділер	Қанағаттанарлық
5 А	23	23	11	7	5
5 Ә	21	21	8	10	3
5 Б	24	24	9	9	6
5 В	25	25	5	14	6
5 Г	24	24	10	9	5
5 Ғ	21	21	7	11	3
5 Д	20	19	5	11	3
5 Е	23	23	10	7	6
6 А	26	26+1үйден оқу	6	18	2
6 Ә	28	28	11	13	4
6 Б	26	26	9	13	4
6 В	27	27	9	11	7
6 Г	28	28	12	6	10
6 Ғ	23	23	14	5	4
7 А	23	23	8	15	0
7 Ә	25	25	8	15	2
7 Б	25	25	4	11	10
7 В	26	26	11	13	2
7 Г	25	25	9	12	4
7 Ғ	25	25	8	11	6
БАРЛЫҒЫ	488+1	488	174	222	92
ПАЙЫЗЫ	489	488	35,6%	45%	19,4%

Аралық емтихан өз деңгейінде өткізілді.

4. Тәрбие жұмысы

Мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру

Міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;

Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;

Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу;

Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;

Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

Білім беру ұйымдарында оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуалды қалыптастыру;

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Тәрбие жұмысының негізгі құндылықтар топтамасы:

Тәуелсіздік және Отаншылдық

Бірлік және Ынтымақ

Әділдік және Жауапкершілік

Заң және Тәртіп

Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік

Жасампаздық және Жаңашылдық

Тәрбие жұмысының негізгі әлеуметтік жобалары:

«Қамқор» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Еңбегі адал – жас өрен» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Smart bala» - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Шабыт» - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Ұшқыр ой алаңы» - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық

талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Балалар кітапханасы» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

2025-2026 жылындағы атаулы күндер

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845 – 1904);

Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915-02.11.1973);

Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885-05.10.1935);

Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғалы Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895-05.03.1983);

Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835-1865);

Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910-10.06.1982);

Халық поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945);

Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866-1937);

Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906-1968).

4.1. Тәрбиені нормативтік - құқықтық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;

«Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына ;

«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;

«Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;

«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж. № 748 қаулысы;

«Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;

«Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;

«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;

«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;

«Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;

«Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

2025-2026 оқу жылындағы тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Адал азамат» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиет-терін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстаны-мына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығында өзгеріске енді. 6 құндылыққа негізделді.

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Бұл құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізіне айналады. 2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

- **Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- **Қазан** – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- **Қараша** – әділдік және жауапкершілік айы
- **Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы
- **Қаңтар** – заң және тәртіп айы
- **Ақпан** – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- **Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- **Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- **Мамыр** – бірлік пен

ынтымақ

Әр айдың іс-шаралары күнделікті

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды

«Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері

ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырыла- ды.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

жыл сайын:

«ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.

Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу. Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі.

«Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша).

2025-2026 оқу жылында атқарылатын әлеуметтік жобалар:

«Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

4.2. ҚР мемлекеттік рәміздерін қолдану және насихаттау бойынша 2025-2026 оқу жылында атқарылған жұмыстар

2025-2026 оқу жылында білім алушылардың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыруда Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін оқып-үйрену мақсатында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау және пайдалану бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы» мектепішілік бұйрық шығарылып, іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. Іс-шаралар жоспары аудан әкімдігінің білім бөлімінің басшысымен келісіліп, бірқатар жұмыстар атқарылды. Жыл бойы мектеп дәлізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің орналасуы қадағаланып, зерделеніп отырды. Қыркүйек айында 1-8 сыныптар аралығында «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз» атты челлендж өткізілді. Қазан айында 8-11 сыныптар арасында «Елдіктің нышаны - елтаңба» атты тақырыпта эссе байқауы өткізілді. Қараша айында 8 сынып жетекшілері «Мемлекеттік рәміздерді құрметтейік» тақырыбында танымдық ойын өткізді.

Желтоқсан айында мектеп кітапханашысы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 34-жылдығы мерекесіне орай «Тәуелсіз елімнің рәміздері» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Қаңтар айында 1-4 сыныптар аралығында «Менің елімнің рәміздері» атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді. Ақпан айында 5-8 сынып жетекшілері «Мемлекеттік рәміздер - ел мәртебесі» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Наурыз айында 9-11 сыныптар аралығында «Туым-намыс, ұраным - бірлік, рәміздерім - мақтанышым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, баяндама оқылды. Сәуір айында 7-11 сынып оқушыларымен «Тәуелсіздік нышандары» атты тақырыпта сурет байқауын өткізілді. Мамыр айында 1-11 сынып оқушыларынан «Менің елімнің мемлекеттік рәміздері» тақырыбында сауалнама алынды.

Ата-аналармен бірлескен жұмыс

2025-2026 оқу жылында мектепте тәрбие мен мәдениетті ұштастыра отырып, үштік одақ: мектеп - ата-ана – оқушы бірлесіп көптеген жұмыстар жүргізді. Ой санасы дамыған, адамгершілігі зор, еңбекқор, сауатты, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жолындағы ата - ана, ұстаз, оқушы қарым – қатынасы ынтымақта болу жолында жұмыстар өз деңгейінде жүріп отырды.

Тоқсан сайын ата-аналар жиналыстары өткізіліп отырды. Сыныптарда да ата-аналармен кеңестер, жиналыстар, тренингтер өткізілді.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы

2025-2026 оқу жылына сынып жетекшілер ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы негізінде жұмыс атқарды. Сыныптағы оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуын қадағалау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ата-аналармен байланысып, олардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, сыныптағы өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыру және тәрбие іс-шараларын өткізу үшін 1-11 сынып оқушыларына сынып жетекшілер тағайындалды.

Сынып жетекшілердің әдістемелік кеңес отырысы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Орындаушылар
I отырыс:			
2	Сынып жетекшілерінің тамыз есебі	Тамыз	Сынып жетекшілері
3	Сынып жетекшілердің жылдық жоспарын бекіту	Тамыз	Г.Казкенова Ш.Турганбаева
II отырыс:			
1	«Қиын жасөспірімді тәрбиелеудегі мектеп ұжымы мен отбасының ролі», «Сынып жетекшісінің «қиын» баламен жұмыс жүргізу жолдары» (баяндама)	Қараша	Г.Казкенова Ш.Турганбаева
2	«Сынып жетекшісі – сыныптағы тәрбие жұмысын ұйымдастырушы» (баяндама)		Г.Казкенова Ш.Турганбаева

3	I тоқсанда іс – қағаздарының жүргізілуі қорытындысы		Бірлестік жетекшілері
III отырыс:			
1	«Отбасылық құндылықтар, тәрбиенің бастауы» (баяндама)	Қаңтар	Г.Казкенова Ш.Турганбаева
2	I жартыжылдықта құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша өткізілген іс – шаралар туралы.		
3	Сынып жетекшілер жұмысын бақылау		Г.Казкенова Ш.Турганбаева
IV отырыс:			
1	Сынып жетекші жұмысындағы диагностика жүргізу жолдары.(баяндама)	Сәуір	Г.Казкенова Ш.Турганбаева
2	Мектеп оқушыларының әлеуметтік қорғалуы туралы есеп.		Г.Отегенова
3	III – тоқсанда өткен тәрбие сағаттары мен іс-қағаздарының жүргізілуі қорытындысы		Бірлестік жетекшілері
V отырыс:			
1	«Баланың бос уақыты» (баяндама)	Мамыр	
2	Сынып жетекшілерінің жылдық есебі		Г.Казкенова Ш.Турганбаева
3	Әр түрлі мәселелер		Сынып жетекшілері

2025 – 2026 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды

2025-2026 оқу жылында тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие тұжырымдамасына, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына және мектептің жылдық тәрбие жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, білімді, еңбекқор, отансүйгіш, шығармашыл және жауапты тұлға тәрбиелеу болды.

Жыл бойы жоспарға сәйкес патриоттық, рухани-адамгершілік, құқықтық, экологиялық, отбасылық, еңбек және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар жүйелі түрде өткізілді. Барлық тәрбие жұмыстары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Турганбаеваның жетекшілігімен ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараларды өткізу барысында аға тәлімгер Ә.Асенова, педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахпқызы, кітапханашылар Гүлнар Аманжолова мен Мөлдір Амиржанова, мектеп психологтары Гаухар Байрбекова белсенді жұмыс атқарды. Психологтар оқушылармен түрлі психологиялық тренингтер, диагностикалық жұмыстар және бейімделу сабақтарын жүргізді.

Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Оқу жылы «Мектебім – мейірім мекені!» атты салтанатты іс-шарамен басталды. Білім күніне арналған жиынды директордың тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары Ш.Турганбаева, аға тәлімгер Ә.Асимова және педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахапқызы ұйымдастырды. Мерекелік жиында оқушылар патриоттық әндер айтып, шығармашылық қойылымдар көрсетті.

«Менің Отаным – Қазақстаным!» және «Адалдық сағаты» сынып сағаттары өткізіліп, академиялық адалдық, адамгершілік құндылықтар түсіндірілді.

1,5,10 сынып оқушыларының жаңа ортаға бейімделуі бойынша мектеп психологы Гаухар Байрбекова арнайы психологиялық тренингтер мен сауалнамалар жүргізді. Нәтижесінде оқушылардың мектеп өміріне тез бейімделуіне қолдау көрсетілді.

Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Тіл байлығы – ой байлығы» апталығын педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахапқызы ұйымдастырып, оқушылар арасында мәнерлеп оқу, көптілді ән және эссе байқаулары өткізілді. Кітапханашылар Гүлнар Аманжолова мен Мөлдір Амиржанова «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырып, оқушыларға тәрбиелік маңызы бар әдебиеттерді таныстырды.

Қазан – Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Қазан айында волонтерлік, патриоттық және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар өткізілді. Мұғалімдер күніне арналған мерекелік концертті аға тәлімгер Ә.Асимова мен педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахапқызы жоғары деңгейде ұйымдастырды. Оқушылар ұстаздарға арнап ән айтып, бейнероликтер түсіріп, алғыс білдірді.

«Күзгі асар» жәрмеңкесінде оқушылар өз қолөнер бұйымдары мен тағамдарын ұсынды. Іс-шара қайырымдылық мақсатында өткізілді. Республика күніне орай дебат турнирлері, флешмобтар, ақындар айтысы ұйымдастырылып, оқушылардың патриоттық рухы нығайтылды.

Қараша – Әділдік және жауапкершілік айы

Қараша айында құқықтық тәрбие, қаржылық сауаттылық және экологиялық мәдениет бағытындағы жұмыстар күшейтілді.

Мектеп психологы Гаухар Байрбекова оқушылар арасында буллингтің алдын алу, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру бойынша тренингтер өткізді.

Кітапханашылар Гүлнар Аманжолова мен Мөлдір Амиржанова «1 кітап – 1 кейіпкер – 1 ой» челленджін ұйымдастырып, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттырды.

«ЭкоСана» жобасы аясында экологиялық театрландырылған қойылымдар өткізіліп, оқушылар табиғатты қорғау туралы көріністер көрсетті.

Желтоқсан – Бірлік және ынтымақ айы

Желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне арналған патриоттық іс-шаралар, сынып сағаттары және мерекелік концерттер ұйымдастырылды.

«Мен оқыған бір кітап» REDx форматындағы іс-шараны кітапханашылар Гүлнар Аманжолова мен Мөлдір Амиржанова ұйымдастырып, оқушылар өздері оқыған шығармаларын таныстырды.

Жаңа жыл мерекесіне арналған «Қош келдің, Жаңа жыл!» кешін аға тәлімгер Ә.Асеева мен педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахапқызы ұйымдастырды. Мерекелік бағдарламада ертегі кейіпкерлері қатысып, оқушылардың өнерлері көрсетілді.

Қаңтар – Заң және тәртіп айы

Қаңтар айында құқықтық сауаттылық пен тәртіп мәдениетін қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар өткізілді.

Мектеп психологы Гаухар Байрбекова құқықбұзушылықтың алдын алу, буллингтен қорғану, эмоционалдық тұрақтылықты сақтау бойынша психологиялық тренингтер ұйымдастырды.

«Қар десанты» волонтерлік акциясы барысында әкелер мектеп ауласын қардан тазалап, көмек көрсетті.

Ақпан – Жасампаздық және жаңашылдық айы

Ақпан айында шығармашылық және цифрлық мәдениетті дамытуға арналған жұмыстар жүргізілді.

Кітапханашылар Гүлнар Аманжолова мен Мәлдір Амиржанова «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджін ұйымдастырып, кітап оқу мәдениетін насихаттады.

Педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахапқызы мен аға тәлімгер Ә.Асеева Алғыс айту күніне арналған флешмобтар мен мерекелік шараларды өткізді.

Наурыз – Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Наурыз мерекесіне арналған ұлттық құндылықтарды дәріптеу іс-шаралары жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

«Әз Наурыз» театрландырылған қойылымын аға тәлімгер Ә.Асеева мен педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахапқызы дайындады. Оқушылар ұлттық салт-дәстүрлерді сахналық көріністер арқылы көрсетті.

«Күй күмбірі» домбырашылар челленджі ұйымдастырылып, оқушылар қазақ күйлерін орындады.

Сәуір – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Сәуір айында ғылым, денсаулық және кәсіби бағдар беру бағытындағы жұмыстар жүргізілді.

«Ғылыми идеялар жәрмеңкесі» барысында оқушылар ғылыми жобаларын қорғап, тәжірибелік жұмыстар көрсетті.

«Тәжірибеден – шеберлікке, еңбектен – нәтижеге!» вожатыйлар онкүндігін аға тәлімгер Ә.Асеева ұйымдастырды.

Мектеп психологы Гаухар Байрбекова емтихан алдындағы қобалжуды төмендету және академиялық адалдықты қалыптастыру мақсатында тренингтер өткізді.

Мамыр – Бірлік және ынтымақ айы

7 және 9 мамыр мерекелеріне арналған әскери-патриоттық концерттер, «Жас Сарбаз» фестивалі ұйымдастырылды.

«Мектебім, саған мың алғыс!» салтанатты кешін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Турганбаева, аға тәлімгер Ә.Асимова және педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахапқызы ұйымдастырды. Белсенді оқушылар мен ұстаздар марапатталды.

Маусым – Жасампаздық және жаңашылдық айы

Маусым айында Балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар, мемлекеттік рәміздер күніне арналған патриоттық шаралар өткізілді.

9 және 11 сынып түлектеріне аттестат тапсыру рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Жазғы мектеп жанындағы лагерьдің жұмысын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Турганбаева, аға тәлімгер Ә.Асимова және педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахапқызы бірлесе ұйымдастырды.

Қорытынды

2025-2026 оқу жылында тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес толық орындалды. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар оқушылардың патриоттық сезімін арттыруға, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және қоғамдық белсенділігін көтеруге ықпал етті.

Тәрбие жұмыстарының нәтижелі ұйымдастырылуына директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Турганбаева, аға тәлімгер Ә.Асимова, педагог-ұйымдастырушы Назугүл Абдувахапқызы, кітапханашылар Гүлнар Аманжолова, Мөлдір Амиржанова және мектеп психологы Гаухар Байрбекованың қосқан үлесі зор болды.

Жылдық жоспардағы барлық іс-шаралар толық жүзеге асырылып, қойылған мақсат-міндеттер орындалды.

4.3. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру

2025-2026 оқу жылында "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) сәйкес іске асырылды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

Ақпан айында «Жомарт жүрек» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсетілді. Сонымен қатар «Ашаршылық қасіреті» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, тарихи оқиғалардың маңызы түсіндірілді.

Жыл бойы құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылып, құқықбұзушылықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, жасөспірімдер арасындағы тәртіп мәселелері түсіндірілді.

Сәуір айында экологиялық тәрбиеге бағытталған «Қоқысты қайта өңдеу процессі» атты экологиялық шара өткізілді. Оқушылар қоршаған ортаны қорғау, қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеудің маңыздылығы туралы ақпарат алды.

Мамыр айында «Бір тал кессең, он тал ек», «Менің гүлзарым» атты экологиялық акциялар ұйымдастырылып, мектеп ауласына гүлдер мен ағаш көшеттері отырғызылды. Оқушылар табиғатты қорғауға өз үлестерін қосты. Сонымен қатар мектепте мәдениет және өнер қызметкерлерімен, медицина мамандарымен түрлі кездесулер өткізіліп отырды. Бұл кездесулер оқушылардың кәсіби бағдар алуына, мәдени танымының кеңеюіне ықпал етті. Мектеп кітапханашылары Гүлнар Аманжолова мен Мөлдір Амиржанова оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі кітап көрмелерін, танымдық кездесулер мен оқу челленджерін ұйымдастырды.

Мектеп психологы Гаухар Байрбекова оқушылармен психологиялық тренингтер, бейімделу сабақтары, қарым-қатынас мәдениеті мен көшбасшылық қасиеттерді дамыту бағытындағы жұмыстар жүргізді. Тренингтер барысында оқушылардың эмоционалдық ахуалын жақсартуға және ұжымдық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше көңіл бөлінді.

Жалпы оқу жылы барысында «Алаш аманаттары» өзін-өзі басқару ұйымы мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласып, көптеген тәрбиелік, мәдени-көпшілік, қайырымдылық, патриоттық және экологиялық бағыттағы іс-шараларды жоғары деңгейде өткізді. Ұйым мүшелері оқушылардың мектеп

өміріне белсенді қатысуына ықпал етіп, көшбасшылық пен жауапкершілік қасиеттерін дамытуға өз үлестерін қосты.

Жыл қорытындысы бойынша өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы нәтижелі деп танылып, алдағы оқу жылында жобаларды одан әрі жетілдіру міндеттері айқындалды.

«Алаш аманаттары» өзін-өзі басқару ұйымының 2025-2026 оқу жылына атқарылған жұмыстардың сілтемесі

<i>№</i>	<i>Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы</i>	<i>Орындалуы туралы сілтеме</i>
1.	1.Парламенттің жобала кеңсесін құру 2. Мектеп президентін сайлау күнін бекіту 3.Оқу жылына жұмс жоспарын бекіту	https://docs.google.com/spreadsheets/d/1UWAtGjbyyfmFBjAbM3P3hrfvLmvAWauo95SFpP9VqYE/edit?usp=sharing
2.	Сыныптағы өзін-өзі басқару ұйымын сайлау	https://docs.google.com/spreadsheets/d/1RgaHP1OhCGnmlKN06mhAAGICLfeDXCt6-UHn6KKOeG4/edit?usp=sharing
3.	ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік ережемен таныстыру	https://www.instagram.com/reel/C_hf2JFIy5V/?igsh=b2NmdTRucHl6a2cx
4.	Мектеп парламентінің мектепшілік оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуына қатысу	https://www.instagram.com/p/C_OCmFbs5Pw/?igsh=a2NtYnIzeHM0bjBl
5.	«Көңілді қоңырау» жобасы	https://www.instagram.com/p/DAP6-gwsqoj/?igsh=MWJvNm95d3N6aDhqag==
6.	«Қайырлы таң» жобасы	https://www.instagram.com/reel/DABP8AasYfu/?igsh=MWllaXl0emJmHI3cw==
7.	«Оқулықты күтіп ұста» радиолездеме	https://www.instagram.com/p/DAP6-gwsqoj/?igsh=MWJvNm95d3N6aDhqag==
8.	«Алжир» музейіне экспедиция	https://www.instagram.com/reel/DABP8AasYfu/?igsh=MWllaXl0emJmHI3cw==
9.	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда...» Мерекелік концерт	https://www.instagram.com/p/DAP6-gwsqoj/?igsh=MWJvNm95d3N6aDhqag==
10.	Парламент отырысын өткізу	https://www.instagram.com/reel/DABP8AasYfu/?igsh=MWllaXl0emJmHI3cw==
11.	«Жас Ұлан» ұйымына Ант қабылдау рәсіміне дайындық	https://www.instagram.com/p/DAP6-gwsqoj/?igsh=MWJvNm95d3N6aDhqag==
12.	«Қызға 40 үйден тыйым» дөңгелек үстел	https://www.instagram.com/reel/DAleNJKuuRf/?igsh=MXZqcWk3cTE1MXdx
13.	«Біздің елдің ертеңі!» Жас Ұлан, Жас Қыран ұйымына қабылдау	https://www.instagram.com/reel/DAIBf_TM3-k/?igsh=dWd2cHJ2OXgxNTVz
14.	Балалардың ақпараттық қаіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	https://www.instagram.com/reel/DB8IV5zMclV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
15.	«Жомарт жүрек» акциясы	https://www.instagram.com/reel/DB9e_2_iLx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA
16.	Мәдениет және өнер қызметкерлерімен кездесу	https://www.instagram.com/reel/DB8IV5zMclV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
17.	«Ашаршылық қасіреті» (дөңгелек үстел)	https://www.instagram.com/reel/DB9e_2_iLx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA
18.	Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу	https://www.instagram.com/reel/DB8IV5zMclV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
19.	«Қоқысты қайта өңдеу процессі»	https://www.instagram.com/reel/DChat1YCjfr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
20.	«Мектеп NEWS» Мектеп жаңалығын әлеуметтік желілерде орналастыру	https://www.instagram.com/reel/DChL-jUiPle/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

21.	Медицина мамандарымен кездесу ұйымдастыру	https://www.instagram.com/reel/DChSeS8Civb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
22.	«Бір тал кессең, он тал ек» «Менің гүлзарым» Экологиялық шара	https://www.instagram.com/reel/DChat1YCjFR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

4.6. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, оның ішінде ерте жүктіліктің алдын алу, баланы жәбірлеудің (буллингтің), жасөспірімдерге қарсы жасалатын зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алу бойынша 2025-2026 оқу жылы бойынша атқарылған іс-шаралар

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ Заңының негізінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және оны болдырмау мақсатында жоспар бекітілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Турганбаева Шынар Амандықызы құқық менеджері Құмарбекұлы Айдын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмысқа қарсы күрес мәселелері, профилактикалық есептерде тұрған кәмелетке толмағандар бойынша өзара ақпарат жинап, мәлімет берді. Түрлі есепте тұрған оқушылардың үйірмелерге қатысуын қадағалау жұмыстары жүргізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Турганбаева Шынар Амандықызы және мектеп құқық менеджері Құмарбекұлы Айдын оқушылардың жалпыға міндетті орта біліммен толық қамтылуын, оқушылардың сабаққа түгел қатысуын, сабаққа келмейтін оқушыларды анықтап, қадағалап отырды. ДТІЖО орынбасары Турганбаева Шынар Амандықызы мектеп психологы Байрбекова Гаухар және құқық менеджері Құмарбекұлы Айдын сабақтан жалтарған, қаңғыбастыққа салынған жасөспірімдерді анықтау мақсатында көңіл көтеру орындары мен компьютерлік клубтарда, сондай-ақ, түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің еруінсіз тұрғын үйлерден тыс жерлерде жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау үшін оперативтік алдын алу іс-шараларын ұйымдастырып, рейдтер жүргізіп отырды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ай сайын құқықтық кеңес отырысын ұйымдастырды. Қыркүйек айында әлеуметтік педагог 1-11 сынып оқушыларына сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен әр сыныптың әлеуметтік паспортын, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың сапалық құрамын анықтады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі мен сынып жетекшілердің қатысуымен кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысын ұйымдастырды. Жиналысқа барлық ата-аналар белсене қатысты, сұрақтарына қанағаттанарлықтай жауап алды, психолог тренинг жүргізді.

Қазан айында 7-11 сынып оқушыларымен «Адамның жеке құқығы мен бостандықтары» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.

Қараша айында 8-11 сынып оқушыларымен «Оқушылар арасында зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу» тақырыбында дәрістер өткізілді. Желтоқсан айында 5-8 сынып оқушыларымен «Заңды білу - еркін өмір сүру» тақырыбында мектеп инспекторымен пікір алмасу өткізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Турганбаева Шынар Амандықызы мектеп медбикесі сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Кибербуллинг, буллингке жол жоқ» тақырыбында профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Қаңтар айында 5-11 сынып оқушыларымен «Мен зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?» тақырыбында сауалнама алынды. Тарих пәнінің мұғалімі Сьезхан Нұршаш жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты конференция өткізді. Конференцияға полиция бөлімінің қызметкерлері қатысып, құқықтық сауаттылық жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға өздері жүрген ортада мейірімді болуға, бойларындағы адами қасиеттерді сақтап, әдепті, тәртіпті және тәрбиелі болу қаншалықты маңызды екендігін түсіндірді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 7-11 сынып жетекшілері «Адамның жеке құқығы мен бостандықтары» тақырыбында тәрбие сағаттарын ұйымдастырды, тәрбие сағаттар әр түрлі форматта өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Турганбаева жасөспірімдердің кибербуллинг пен буллинг және киберқылмыстың алдын алу мақсатында «Кибербуллингтің зардаптары», «Балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігінің алдын алу» тақырыптарында апталық өткізді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қатысуымен «Буллинг және оның алдын алу» тақырыбында оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қараша - наурыз айларында мектеп психологтары «Кибербуллинг, буллингке жол жоқ» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Бала қауіпсіздігінің алдын алу, балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, төтенше жағдайлардың алдын алу мен жазғы демалыс мезгілінде судағы және өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңына сәйкес «Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде қатер аймағындағы отбасылар мен адамдарға көмек көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 10 ақпандағы №44, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2022 жылғы 14 ақпандағы №37, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 23 ақпандағы №118, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №70, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2022 жылғы 15 ақпандағы №74 бірлескен бұйрығына сәйкес директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Турганбаева жұмыстар жүргізіп отырды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Турганбаева Шынар

Амандыққызы әлеуметтік педагог Г.Өтегенова, психологтар Г.Байрбекова , А.Жаксылыкова оқушылардың отбасындағы әлеуметтік қолайсыздықтың белгілері бар «Тәуекел» тобындағы отбасыларды анықтап, мәліметтер жинақтады.

4.7. Әлеуметтік осал топтағы оқушылармен атқарылған жұмыстар

Астана қаласының Білім басқармасының 26.07.2023 жылғы №1562 бұйрығы негізінде оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде азқамтылған және көп балалы отбасылар қатарына оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мектепке келмеуінің алдын алу, әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы аясында мектепте төмендегі жұмыстар атқарылды.

2025-2026 оқу жылының басталуына дайындақ кезеңінде (шілде,тамыз-қыркүйек айларында) мектеп оқушылары арасындағы әлеуметтік санаттағы оқушылар құжаттары жинақталды.

2025 жылдың 10 тамыздан бастап «Жалпыға міндетті оқу қорына құжаттар жинақталды.

№	ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК
1	2025-2026 оқу жылында жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін көмекке «Жалпыға бірдей міндетті оқыту қоры» фондының тарапынан бөлінген 46 228 тенге көлемінде көмекпен 65 оқушы қамтамасыз етілді; Жұмсалған қаражат: 3004820 тг
2	АӘК: отбасы саны - 10, бала саны – 20
3	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар: отбасы саны -1, бала саны 1
4	Өзге санат қамқоршылық комиссиясының шешімімен: отбасы саны-13, бала саны - 45

2025-2026 оқу жылының басталуына дайындақ кезеңінде (шілде,тамыз-қыркүйек айларында) мектеп оқушылары арасындағы әлеуметтік санаттағы оқушылар құжаттары жинақталды.

«Жалпыға міндетті оқу қорынан» қаржылай көмек алған:

1. Атаулы әлеуметтік көмек алуға, құқығы бар отбасылардан шыққан оқушылар – 20;
2. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, аз қамтылған, күнкөрісі төмен отбасындағы оқушылар – 48;
3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар – 1;
4. Төтенше жағдайлардың салдарынан көмек қажет ететін отбасындағы оқушылар – 0;
5. Алқалы органның шешімі бойынша көмекке мұқтажар отбасының оқушылары - 0;

Барлығы биылғы 2025-2026 оқу жылында 65 бала Жалпыға міндетті оқу қоры бойынша көмек алды. ҚРҰ 64 қаулысы (өзгеріс № 949) сәйкес барлық құжаттары жинақталып, отбасының әр оқушысына тиісті 46мың 228 теңгелік

көмектері ата-аналарының жеке есеп шоттарына жіберілді. Ата-аналар ақша түскен күннен кейін 15 күн ішінде есеп шотқа түскен қаражатты жұмсап, (балаға мектепке қажетті заттарды алуға) дәлел ретінде чек, квитанция, накладной қағаздарын әкелуге тиісті.

2025 жылдың 10 шілде мен 30 қыркүйек аралығында Республикалық «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Астана қаласы Нұра ауданының әкімі 47 сөмке мен мектепке қажетті құрал-жабдықтар қамтамасыз етті. Нәтижесінде көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға 27 рюкзак, аз қамтылған отбасылардан шыққан 1 сыныпқа келетін 20 оқушыға рюкзак көмек көрсетілді.

Аз қамтылған отбасыларға мектебіміздің сыныптар тарапынан көмек

Күн көрісі төмен отбасыларына демеуші тарапынан азық түлік беріліп көмек көрсетілді.

1 отбасы: Зульфикарова Алима 8 баласы бар, мектепте 4 баласы оқиды

2 отбасы: Доскенова Толқын 4 баласы бар, 2 баласы мектепте оқиды

3 отбасы: Адырбаева Гүлжан 2 баласы бар жалғызбасты ана

4 отбасы Жарылқасын Асем 8 баласы бар көп балалы ана

5 отбасы 2 баласы инвалид, жалғызбасты ана


6 отбасы Амирова Асем азқамтылған отбасы 4 балалы

7 отбасы Қуанышбай Ильмира 8 балалы отбасы



2025 жылдың қыркүйек айында барлық Сыныптың әлеуметтік паспорты жинақталды.

1-11 сыныптардан әлеуметтік паспорты 130 бұйрыққа сәйкес электронды құжатпен жинақталды. Барлық сыныптардағы санаттарға жататын оқушылар мен отбасылары туралы толық ақпараттар алынды. Сыныптардағы толық емес отбасылар тізімі, көмекке мұқтаж отбасылар тізімі жасалды. Барлық ақпараттар жинақталып мекептің әлеуметтік картасы жасалды.



№	Әлеуметтік санаттар	саны
1	Барлық оқушылар	1587
2	Толық отбасылар	1417
3	Толық емес отбасылар	169
4	Анасы жоқ балалар	2
5	Әкесі жоқ балалар	63
6	Көпбалалы отбасы	499
7	Аз қамтамасыз етілген отбасы	65
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1
9	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	23

Жеңілдік санаттары ұсынылған отбасылардан шыққан оқушылар үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастыру.

Гимназияда бастауыш сынып оқушыларына және әлеуметтік осал топтарға жататын оқушыларға тамақтану кестесі жасалды. 1-4 сыныптар – 666 оқушы, 5-11 сынып – 37 оқушы тегін тамақтанады.

Бастауыш сынып оқушыларының I ауысымдағы тамақтану кестесі

№	Сыныптар	Оқушылар саны	Асханаға кіру уақыты	Асханадан шығу уақыты
1	- «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Д», «Е», «Ж»	142	09:35	09:50
2	3 - «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Г», «Г», «Д», «Е»	195	10:30	10:45

Бастауыш сынып оқушыларының II ауысымдағы тамақтану кестесі:

№	Сыныптар	Оқушылар саны	Асханаға кіру уақыты	Асханадан шығу уақыты
1	2 - «А»,«Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Е»	167	15:35	15:50
2	4 - А»,«Ә», «Б», «В», «Г», «Д»	162	16:30	16:45

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері , антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 4 уақытқа ұйымдастырылды. Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп медбикесі бақылап тексеріп отырады. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагог пен мектеп медбикесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы бар.


«Мектеп асханасы» туралы сауалнама нәтижесі 1-4 сынып

2025 жылдың қараша айында 1-4 сынып оқушыларына тамақтану бойынша сауалнама алынды.

1-4 сыныптар арасында 666 оқушы,


Оқушылардан алынған сауалнама төмендегідей сұрақтарды қамтиды:

1. Асхананың ас мәзіріне қанағаттанасыз ба?




2. Мектепте тамақтануды ұйымдастыру жүйесі Сізді


қанағаттандырады ма?




3. Сіздің асхана тазалығына көңіліңіз тола ма?




4. Тамақтану кестесін дұрыс деп есептейсіз ба?




5. Асханадағы баға сіз үшін қол жетімді ме?



6. Тамақтану сапасы көңілізден шығама?



7. Асхананың жұмысына баға беріңіз



Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың асханаға көңілі толады. Тамақтану сапасы жақсы, асхана жұмысына жақсы баға берген. Ұсыныстар бойынша оқушыларға ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі. Оқушыларды тамақтану мәдениетін және пайдалы тағамдарды қолдану туралы түсіндірме жұмыстарын сынып жетекшілері қадағалауында. Бастауыш сыныптар тамақтану кестесіне қарай келуі бақыланады.

Бракераждық комиссиямен бірге мектеп асханасын тексеру нәтижесі.

2025-2026 оқу жылында мектеп-гимназиясы оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы ИП «Сафронова Е.» жұмысын атқарды. Оқыту мен тәрбиелеуге қолайлы жағдайлар жасау үшін мектеп әкімшілігі мен бракераждық комиссия ыстық тамақты қадағалайды. Мектеп әкімшілігі және мектеп басшысы мен бірге тексеріп отырады. Бракераждық комиссия мүшелері айына 1-2 рет келіп жоспар бойынша мектептің асханасын жұмыс барысында тексеріп, АКТ толтырып мониторинг жасап кетеді. Оқу жылының жалпы қыркүйек айының бала саны -1673. Асханада отыратын орын 260 орындық типтік асханасы бар, қажетті жиһазбен, құралдармен жабдықталған. Ыстық тамақпен қамтылған 1-4 сынып бойынша -666 оқушы, және аз қамтылған 5-11 сынып бойынша 33 оқушы бар. Асханада 13 қызметкер жұмыс жасайды, барлығы медициналық тексерістен өткен, жұмыс істеуге рұқсат штампы қойылған. 4 апталық ас –мәзірі барп СЭС пен бекітілген. Екі ауысымда да оқушылардың тамақтануға баруға бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Ыстық тамақ оқушылардың келуден 10 минут бұрын құйлып дайындалады. Тамақтың дайындалу сапасын, дәмін мектеп медбикесі қадағалап отырады.

2026 жылдың 5 қантардан бастап оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы ИП «Соотечественники.» жұмысын атқарып жатыр. Ыстық тамақпен қамтылған 1-4 сынып бойынша -682 оқушы, және аз қамтылған 5-11 сынып бойынша 37 оқушы бар. Асханада 16 қызметкер жұмыс жасайды, барлығы медициналық тексерістен өткен, жұмыс істеуге рұқсат штампы қойылған. 4 апталық ас –мәзірі барп СЭС пен бекітілген. Екі ауысымда да оқушылардың тамақтануға баруға бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Ыстық тамақ оқушылардың келуден 10 минут бұрын құйлып дайындалады. Тамақ өнімдері, дайын аспаздық өнімдердің сапасын, реуептуралар мен технологиялық ренжимдердің сақталуын тесеруді бракераждық комиссиясы жүзеге асырады. Жоспар бойынша гимназияның асханасына тексеру жұмысы жүргізілді.

2026жылдың 1сәуірінен ас мәзіріне өзгеріс енгізілді. Білім басқармасы бекітілген ас мәзірі бойынша ыстық тамақ әзірленеді.

Бекітілген кестеге сәйкес комиссия құрамында:

Бракераждық мүшелері: Ақбасова Л.Р., Айтмұханова Д.Н., Балтабаева Г.Б., Медеева Ж.А., Ашимханова Г.О.

Әлеуметтік педагог: Г.Т.Отегенова, медбике: Т.М.Таджадинова

Бракераждық комиссия нәтижесінде асханада тамақтандың сапасы жақсы. Санитарлық талаптарға сай.



Қамқоршылық кеңес отырысы. Жаңа жылдық шыршаға қатысатын оқушылар тізімін жинақтау.

Сұраныс бойынша әр мектептен Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ұйымдастырылатын шыршаға екі бала, Қалалық әкімдікке екі бала қатыса алады. Жанұя жағдайына байланысты ең бірінші кезекте тұлдыр жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар, мүгедек, аз қамтылған отбасы балалары, көп балалы отбасы балалары қатысу керектігі айтылды. Сонымен қатар жас ерекшеліктері Қазақстан Республикасы Президентінің атынан жаңа жылдық шыршаға 9-13 жас аралығы қамту керектігі ескерілді.

Отырыс барысында қатысқан мүшелер әлеуметтік мәртебесін ескеріліп, жаңа жылдық шыршаға гимназиямыздағы ата-ана қамқорлығынсыз қалған, жетім оқушы және гимназияның дарынды оқушысы, пәндік қалалық олимпиада жүлдегері, көпбалалы отбасынан шыққан оқушы іріктелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ұйымдастыруымен өткізілетін «Жаңа-Жыл 2026» шыршасына қатысатын оқушылар:

1.Мырзалы Бақдәулет 7 «Б» сынып оқушысы – көпбалалы, азқамтылған отбасынан, жетістікке жеткен, ғылыми жобаларға қатысып қалалық кезеңінде -1ші орынға ие болған, дарынды оқушы

Астана қаласы әкімінің атынан өткізілетін «Жаңа-Жыл 2026» шыршасына қатысатын оқушылар

1.Жақып Мансур 6«Г» - жетістікке жеткен, ғылыми жобаларға қатысып қалалық кезеңінде -1ші орынға ие болған дарынды оқушы .

2. Утеген Улжан 8 «А» - көпбалалы, азқамтылған отбасынан, жетістікке жеткен оқушы. 28 қараша 2025 жылы Италиядан роботатехникадан 1 орынға ие болған оқушы

Президенттік, қала-аудан әкімінің шыршасына әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды қатыстыру

24.12.2025ж Қазақстан Республикасының Президентінің атынан жаңа-жылдық шыршасы, 25.12.2025ж Астана қаласы әкімінің атынан жаңа-жылдық шыршасы өткізілді. Гимназиядан әлеуметтік санаттағы оқушылар жіберілді. Балалар үшін түрлі-түске боялған шок-қойылымдар ұйымдастырылды. Жаңа жылдық сыйлық ретінде сертификат киімге, жұмсақ ойыншықтар, шопер сумка және энциклопедия берілді.



Әлеуметтік қорғалмаған оқушыларды (жетім, көп балалы, аз қамтылған, мүгедек санатындағы) ыстық тамақты ұйымдастыру.

Гимназияда 1-4 сыныптардан 682 оқушы және әлеуметтік санаттарға 5-11 сыныптар арасынан атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан 37 оқушы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 5 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Асханамызға ТОО «Соотечествиники» қызмет көрсетеді. Ас мәзірін НАО “Астана медицина университетінің” келсімімен, Білім басқармасымен бекітілген. Бастауыш сынып тамақтану кестесіне сәйкес келуі қадағаланды.

Бастауыш сынып оқушыларының І ауысымдағы тамақтану кестесі:

№	Сыныптар	Оқушылар саны	Асханаға кіру уақыты	Асханадан шығу уақыты
1	1 - «А»,«Ә», «Б», «В», «Ғ», «Д», «Е» «Ж»	177	09:35	09:50
2	3 - «А»,«Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «Е»	233	10:30	10:45

Бастауыш сынып оқушыларының ІІ ауысымдағы тамақтану кестесі:

№	Сыныптар	Оқушылар саны	Асханаға кіру уақыты	Асханадан шығу уақыты
1	2 - «А»,«Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Е»	181	15:35	15:50
2	4 - А»,«Ә», «Б», «В», «Г», «Д»	210	16:30	16:45

**Қ.МҰХАМЕДХАНОВ АТЫНДАҒЫ № 90 ГИМНАЗИЯ
ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТ**

№	Әлеуметтік санаттар	саны
	Барлық оқушылар	1687
	Отбасы түрі бойынша:	1687
1.	Толық отбасылар	1517
2.	Толық емес отбасылар	170
	Анасының тәрбиесінде	13
	Әкесінің тәрбиесінде	1
	Тәтесінің (ағасының) тәрбиесінде	6
	Оның ішінде өгей әкесінің тәрбиесінде	13
	Оның ішінде өгей шешесінің тәрбиесінде	0
3.	Анасы жоқ балалар	2



4.	Әкесі жоқ балалар	67
5.	Көп балалы отбасы	544
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	63
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	23
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есептетірілгендер	0
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	3

«Жасыл ел» жазғы демалыс кезіндегі жасөспірімдерді еңбекке баулу үшін ата-аналарды ақпараттандыру және оқушылардың құжаттарымен жұмыс

«Жасыл ел» жазғы демалыс кезіндегі жасөспірімдерді еңбекке баулу мамыр, маусым, шілде, тамыз айларында өткізіледі. Оқушыларға, ата-аналарға хабарландыру жіберілді. Мамыр, маусым айында 16 жасқа толған 8 оқушы қабылданады. Шілде, тамыз айларында 14 жасқа толған оқушылар қабылданады.

Мамыр айында қабылданға оқушылар тізімі.

Жұмыскердің ТАЖ	Туған күні, айы, жылы	ЖСН	байланыс телефоны	Әлеуметтік тобы
Савет Мадияр Мұратұлы	10.10.2009ж.	091010550409	87055165934	Көпбалалы Азқамтылған
Тультаев Ерси Ержанович	27.01.2010	100127551504	87078962793	Көпбалалы Азқамтылған
Өтеген Қаракөз Нұржанқызы	07.12.2009	091207651721	87057122009	Көпбалалы Азқамтылған
Балтабек Әнел Қуанышқызы	27.10.2009	091027651179	87025348405	Толық емес отбасы Азқамтылған
Қыдырбай Ақнұр Бекболатқызы	22.02.2010	100222653028	87073299613	Көпбалалы Азқамтылған
Сапарбек Қасиет Ерланқызы	12.12.2009	091212651085	87056759026	Азқамтылған
Тұрсынбаев Мұқағали Талғатұлы	21.02.2010	100221553234	87054082272	Көпбалалы Азқамтылған
Куликова Адиля Мәдиқызы	07.07.2009	090707653515	87768060709	Көпбалалы Азқамтылған
Курманова Мадина Айдарқызы	10.02.2002	020210650912	87029122328	Жетекші



Қала сыртындағы «СОКОЛ» лагерьге демалуға жіберілетін оқушылардың
тізімі
2025-2026 оқу жылы

№	Оқушылардың аты жөні	Туған күні	Сынып	Мәртебесі
1	Мырзалы Нұрдаулет	07.02.2013	7Б	АӘК
2	Жумагулов Абылайхан	06.04.2014	5А	АӘК
3	Мырзалы Бақдаулет	07.02.2013	7Б	Азқамтылған
4	Қуанышбай Анель	10.08.2012	7Г	Азқамтылған
5	Бейсенбай Бектас	11.10.2013	7Б	Азқамтылған
6	Ибраим Гүлайым	23.11.2012	7В	Азқамтылған
7	Сәндівай Іңкәр	01.04.2014	6Ә	Азқамтылған
8	Бесенбай Алинұр	07.02.2015	7Г	Азқамтылған
9	Махмудов Жанали	19.10.2013	7Б	Азқамтылған
10	Рамазанқызы Айару	23.01.2013	6Б	Азқамтылған

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес қамқорлықтағы балалар, атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға қала сыртындағы лагерге жіберуіне орын берілгендігі туралы айтылды. Қазіргі таңда құжатар жиналып ,тізім құрылуда.

«SWOT» Әлеуметтік педагогтың сараптамалық талдауы

Күшті жақтары -«Мектепке жол» қайырымдылық акциясының бір жыл бойы жалғасын табуы,әр ай сайын қайырымдылық акциясының ұйымдастырылуы. - 2025-2026 оқу жылында қыркүйек-тамыз айлары арасында 65 оқушыға 46288 теңгелік көмек көрсетілді -Президенттік,. -Ата-ана қамқорлығынсыз қалған,үйде оқитын оқушыларға тұрмыстық жағдайын анықтап АКТ жұмыстарының ұйымдастырылуы; - Әлеуметтік жағынан мұқтаж ата-аналарға кеңес беру, сонымен қатар отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды; -Бракераждық комиссия мүшелерімен гимназия асханасын жүйелі түрде айына 2 рет тексерілді;;	Әлсіз жақтары -«Мектепке жол» қайырымдылық акциясына демеушілердің жоғы. -«Мектепке жол» қайырымдылық акциясының өтілу барысы туралы мектептің әлеуметтік желілеріне жариялануының төмендігі; - Жалпы гимназия бойынша әртүрлі тағы да басқа ерекшеліктеріне байланысты «тәуекел тобындағы» балаларды қамту жұмысының әлсіздігі.
Мүмкіндіктері - Қайырымдылық акцияларына іс-шаралар ұйымдастыру арқылы әлеуметтік топтағы балаларға демеушілер табу, көмек көрсету, қолдау көрсету; -«Балаларды қорғау» бұрыштарын ұйымдастыру арқылы балаларға өз құқықтарын меңгерту; -Өгей әке және өгей шешеммен тұратын балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуін қадағалау; -Гимназия көлеміндегі анықталған «тәуекел тобындағы» оқушыларға бақылауға алу;	Қауып қатері Әлеуметтік санаттағы отбасыларға материалдық, қаржылық, демеушілік көмектің жоқтығы; Ата-аналардың отбасы жағдайы туралы ақпаратты жасыруы, дұрыс бермеуі, үй жағдайын қарауға келіспеуі; Қаржылық көмек алған отбасылардың дәлелді құжаттарды тапсырмауы;

Ұсыныс:

2025-2026 оқу жылында жұмыс барысында жіберілген кемшіліктерді алға қоя отырып, 2026-2027 оқу жылына мынандай мақсаттар алынды

- 1.«Мектепке жол» қайырымдылық акциясына демеушілерді көптеп тарту, демеушілерді тарту үшін сынып жетекшілермен жүйелі жұмыстар атқару;
2. «Мектепке жол» акциясының өтілу барысы туралы мақалаларды баспа беттерге көптеп жариялау.
- 3 .«Мектепке жол» акциясының өтілу барысын мектептің әлеуметтік желілеріне жүктеу

Қорытынды:

- 2025-2026 оқу жылында «Всеобуч» фондының тарапынан бөлінген жалпыға міндетті оқу қорынан (46288 тг) берілетін көмекпен және демеушілер тарапынан әлеуметтік мәртебесі бойынша мұқтаж отбасыларға, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі, көп балалы және аз қамтылған, толық және толық емес отбасыларға көмек көрсетілді, нәтижесінде көптеген оқушылардың мектепке дайындықпен келуі қамтамасыз етілді;

- Әлеуметтік жағынан мұқтаж ата-аналарға кеңес беру, сонымен қатар отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды;

Анықталған мәселелер негізінде 2025-2026 жылдарға арналған әлеуметтік педагог қызметтің мақсаттары оқу жылы:

баланың өмір сүру ортасындағы туындаған мәселелерді уақытында анықтау; олардың себептерін жою жолдарын қарастыру; баланың өмір сүру ортасында туындауы мүмкін әр түрлі қоғамға жат құбылыстардың алдын алу;

Алға қойылған мақсаттар негізінде 2026-2027 оқу жылына арналған міндеттерді тұжырымдасы:

- Әлеуметтік санаттағы оқушыларға көмек көрсету;
- оқушының отбасылық тәрбие жағдайын анықтау;
- жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларына көмек көрсету.

Ұсыныс:

1. Жаңа оқу жылында сыныптың әлеуметтік паспорты мен төлқұжатын жаңа формат АСППМ да толтыру.
2. Өгей әке және өгей шешемен тұратын балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуін қадағалап, әлеуметтік құқығын қорғау.
3. Гимназия көлеміндегі анықталған «тәуекел тобындағы» оқушылармен кешендік жұмыстың жүйелі және нәтижелі атқарылуы
4. Мүмкіндігі шектеулі, ерекше қолдауды қажет ететін оқушыларды конкурстарға қатыстырту.

Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназияның әлеуметтік төлқұжатқа салыстырмалы талдау

Оқу жылы	Барлық оқушылар саны	Көпбалалы отбасы	Аз қамтылған отбасы	Толық емес отбасы	Толық отбасы	Мүгедек бала саны	Қамқорлықтағы бала саны
2024-2025	1797	686	122	211	1584	26	0
2025-2026	1687	544	65	169	1517	24	1

«Жалпыға міндетті оқыту қоры» бойынша салыстырмалы талдау

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	Әлеуметтік санаттар	Көрсетілген көмек (тг.есебімен)
----------	-------------------	---------------------	---------------------------------

2024-2025	122	АӘК-75 оқушы АӘК алмайтын күнкөріс деңгейі төмен-47 оқушы Ата-ата қамқорлығынсыз қалған- 0 оқушы Өзге санат (қамқоршылық кеңес шешімімен)-72 оқушы	43 0000 (қырық үш мың теңге) 5246000(бес миллион екі жүз қырық мың)
2025-2026	65	АӘК-20 оқушы Ата-ата қамқорлығынсыз қалған- 1оқушы Өзге санат (қамқоршылық кеңес шешімімен)-44оқушы	46 288 (қырық алты мың екі жүз сексен сегіз теңге) 3004820 (үш миллион төрт жүз сегіз мың жиырма теңге)

Жазғы сауықтыру демалыс орындары, еңбекпен қамту бойынша талдау

Оқу жылы	Лагерь «Astana camp»	Лагерь «Сокол»	Жасыл ел
2024-2025	-	7 бала	40
2025-2026	-	10 бала	35

Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар туралы салыстырмалы талдау

Оқу жылы	1-4 сынып барлық оқушылар саны	5-11 сынып тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар саны
2024-2025	971	33
2025-2026	682	37

4.8. Педагог-психологтың бастапқы диагностика бойынша есебі

Мақсаты: Оқушылардың психикалық даму деңгейін, танымдық процестерін және мектепке дайындығын анықтау, түзете-дамыту жұмыстарына іріктеу және жеке даму динамикасын бақылау.

Міндеттері:

Оқушылардың танымдық қабілеттерін (зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау) бағалау

Сөйлеу және әлеуметтік даму деңгейін анықтау

Эмоционалды күйі мен бейімделу деңгейін зерттеу

Мектепке дайындығын анықтау

Түзете-дамыту жұмыстарына қажеттілікті айқындау

Жеке мониторинг жүргізу

Қолданылған диагностикалық әдістемелер:

Сырттай бақылау әдісі (ұсақ моторика, көру, есту, сөйлеу)

Лусканова әдістемесі (мектепке бейімделу деңгейі)

Керн-Йерасик әдістемесі (мектепке дайындығы)

Бурдон тесті (зейін тұрақтылығы)

Мюнстерберг әдісі (таңдамалы зейін)

10 сөз әдісі (есте сақтау)
 4-ші артықты тап (логикалық ойлау)
 Ассоциациялық есте сақтау тесті
 Эмоционалды күйді бағалау (баспалдақ, сауалнама)
 Бақылау және әңгімелесу әдістері

Мониторинг нәтижелері (жалпы көрсеткіш):			
№	Аты-жөні	Балл	Пайыз
1	Асанбек Шернияз	69	69%
2	Әшім Әлима	63	63%
3	Сұлтанабдулазиз Жасұланұлы	32	32%
4	Иса Алиакбар	54	54%
5	Қанат Жанжігіт	94	94%

Жалпы деңгей бойынша бөлу:
 Жоғары деңгей: 1 оқушы (94%)
 Ортадан жоғары: 1 оқушы (69%)
 Орта деңгей: 2 оқушы (63%, 54%)
 Төмен деңгей: 1 оқушы (32%)
 Схема (деңгейлер құрылымы):
 Оқушылардың даму деңгейі
 Жоғары (94%)
 Ортадан жоғары (69%)
 Орта деңгей (63%, 54%)
 Төмен деңгей (32%)

Бастапқы диагностика бойынша оқушылардың динамикасы қыркүйек айының 03–11 аралығында педагог-психологтардың түзете-дамыту сабақтарына қатысатын оқушыларға кешенді психодиагностика жүргізілді. Диагностика нәтижелері бойынша баллдық жүйе негізінде мониторинг жасалды.

Жеке психодиагностикалық қорытындылар

1. Асанбек Шернияз – 69 балл (69%)

Оқушының танымдық және әлеуметтік даму көрсеткіштері ортадан жоғары деңгейде. Зейіні мен есте сақтау қабілеті тұрақты, оқу материалын меңгеру қабілеті жақсы.

Қорытынды: ортадан жоғары деңгей.

Ұсыныс: зейін мен логикалық ойлауды одан әрі дамыту.

2. Әшім Әлима – 63 балл (63%)

Жалпы даму деңгейі орташа. Танымдық процестері бірқалыпты, бірақ зейін тұрақтылығы мен есте сақтауында аздаған қиындықтар байқалады.

Қорытынды: орта деңгей.

Ұсыныс: зейін және есте сақтау жаттығулары.

3. Жасұланұлы Сұлтанабдулазиз – 32 балл (32%)

Танымдық процестер төмен деңгейде. Зейін, есте сақтау, қабылдау және логикалық ойлау әлсіз дамыған.

Қорытынды: төмен деңгей.

Ұсыныс: жүйелі түзету-дамыту жұмыстары, психологпен жеке жұмыс.

4. Иса Алиакбар – 54 балл (54%)

Орташа деңгейдегі даму. Кейбір танымдық процестер тұрақты, бірақ логикалық ойлау мен зейін әлсіздеу.

Қорытынды: орта деңгей.

Ұсыныс: логикалық тапсырмалар, зейін дамыту жаттығулары.

5. Қанат Жанжігіт – 94 балл (94%)

Жоғары деңгейдегі даму. Барлық негізгі танымдық процестері жақсы қалыптасқан. Оқу материалын тез меңгереді.

Қорытынды: жоғары деңгей.

Ұсыныс: күрделендірілген тапсырмалар беру, қабілетін дамыту.

Жалпы мониторинг қорытындысы: Жүргізілген бастапқы кешенді психодиагностика нәтижесінде оқушылардың психикалық даму деңгейлері мен танымдық процестерінің қалыптасу дәрежесі әртүрлі екені анықталды. Мониторинг көрсеткіштері бойынша оқушылар арасында жоғары, ортадан жоғары, орта және төмен деңгейдегі нәтижелер тіркелді.

Атап айтқанда, бір оқушыда танымдық процестер (зейін, есте сақтау, логикалық ойлау, қабылдау) жоғары деңгейде дамыған, оқу материалын меңгеруі жеңіл және тұрақты. Ортадан жоғары және орта деңгейдегі оқушыларда негізгі дағдылар қалыптасқанымен, зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау көлемі мен логикалық ойлауында тұрақсыздық байқалады, бұл оқу барысында белгілі бір қиындықтар туындатуы мүмкін.

Ал төмен көрсеткіш көрсеткен оқушыда танымдық процестердің жеткіліксіз дамуы анық байқалады. Әсіресе зейіннің тұрақсыздығы, есте сақтаудың әлсіздігі, қабылдау мен ойлау процестерінің төмендігі оқу әрекетіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Жалпы алғанда, сынып бойынша оқушылардың басым бөлігінде орта және ортадан жоғары деңгей байқалады, бұл түзете-дамыту жұмыстары арқылы оң динамикаға қол жеткізуге мүмкіндік бар екенін көрсетеді. Дегенмен, кейбір оқушыларға жеке бағытталған, жүйелі психологиялық-педагогикалық қолдау қажет.

Мониторинг нәтижелері оқушылармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының мазмұнын нақтылауға, жеке білім беру траекториясын құруға және алдағы уақытта даму динамикасын бақылауға негіз болады.

Жалпы ұсыныстар:

Жеке түзету-дамыту бағдарламаларын құру

Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға арналған жаттығулар

Логопед және психологпен бірлескен жұмыс

Деңгейіне қарай сараланған тапсырмалар беру

Жүйелі мониторинг жүргізу

Педагог-психологтың II диагностика бойынша есебі

Мақсаты: Оқушылардың психикалық дамуындағы өзгерістерді анықтау, танымдық процестердің даму динамикасын бағалау және түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігін бақылау.

Міндеттері:

- * Оқушылардың танымдық қабілеттеріндегі өзгерістерді анықтау
- * Зейін, есте сақтау, ойлау және қабылдау динамикасын бағалау
- * Эмоционалды күйі мен бейімделуіндегі өзгерістерді бақылау
- * Түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелілігін анықтау
- * Әрі қарайғы жұмыс бағыттарын нақтылау

Қолданылған диагностикалық әдістемелер:

- * Сырттай бақылау әдісі (ұсақ моторика, көру, есту, сөйлеу)
- * Лусканова әдістемесі (мектепке бейімделу деңгейі)
- * Керн-Йерасик әдістемесі (мектепке дайындығы)
- * Бурдон тесті (зейін тұрақтылығы)
- * Мюнстерберг әдісі (таңдамалы зейін)
- * 10 сөз әдісі (есте сақтау)
- * 4-ші артықты тап (логикалық ойлау)
- * Ассоциациялық есте сақтау тесті
- * Эмоционалды күйді бағалау
- * Бақылау және әңгімелесу

Мониторинг нәтижелері (жалпы көрсеткіш):			
№	Аты-жөні	Балл	Пайыз
1	Асанбек Шернияз	75	75%
2	Әшім Әлима	63	63%
3	Сұлтанабдулазиз Жасұланұлы	34	34%
4	Иса Алиакбар	69	69%
5	Қанат Жанжігіт	96	96%
6	Бенсенбай Жанерке	42	42%
7	Дүйсебек Әмір	82	82%

Жалпы деңгей бойынша бөлу:

- * Жоғары деңгей: 2 оқушы (96%, 82%)
- * Ортадан жоғары: 2 оқушы (75%, 69%)
- * Орта деңгей: 1 оқушы (63%)
- * Ортадан төмен: 1 оқушы (42%)
- * Төмен деңгей: 1 оқушы (34%)

Схема (деңгейлер құрылымы):

Оқушылардың даму деңгейі

Жоғары (96%, 82%)

Ортадан жоғары (75%, 69%)

Орта деңгей (63%)

Ортадан төмен (42%)

Төмен деңгей (34%)

II диагностика бойынша динамика: диагностика нәтижелері оқушылардың дамуында оң өзгерістер бар екенін көрсетеді. Кейбір оқушыларда танымдық процестердің жақсаруы байқалады, әсіресе зейін мен есте сақтау тұрақтылығында ілгерілеу бар.

Жеке психодиагностикалық қорытындылар

1. Асанбек Шернияз – 75 балл (75%)

Оқушының дамуында оң динамика байқалады. Танымдық процестері жақсарған, оқу материалын меңгеруі жоғарылаған.

Қорытынды: ортадан жоғары деңгей.

Ұсыныс: логикалық ойлау мен зейінді дамыту.

2. Әшім Әлима – 63 балл (63%)

Көрсеткіштері тұрақты, айтарлықтай өзгеріс жоқ.

Қорытынды: орта деңгей.

Ұсыныс: зейін мен есте сақтауды дамыту жұмыстарын жалғастыру.

3. Сұлтанабдулазиз Жасұланұлы – 34 балл (34%)

Аздаған оң динамика бар, бірақ көрсеткіштері әлі де төмен деңгейде.

Қорытынды: төмен деңгей.

Ұсыныс: жеке түзету бағдарламасы, тұрақты психолог жұмысы.

4. Иса Алиакбар – 69 балл (69%)

Айқын оң өзгеріс байқалады. Танымдық процестері жақсарған.

Қорытынды: ортадан жоғары деңгей.

Ұсыныс: логикалық тапсырмалар арқылы дамыту.

5. Қанат Жанжігіт – 96 балл (96%)

Жоғары деңгейін сақтап отыр, даму тұрақты.

Қорытынды: жоғары деңгей.

Ұсыныс: күрделі тапсырмалар беру.

6. Бенсенбай Жанерке – 42 балл (42%)

Ортадан төмен деңгей. Танымдық процестер жеткіліксіз дамыған.

Қорытынды: ортадан төмен деңгей.

Ұсыныс: зейін мен қабылдауды дамыту.

7. Дүйсебек Әмір – 82 балл (82%)

Жоғары нәтижеге жақын, танымдық процестері жақсы дамыған.

Қорытынды: жоғары деңгей.

Ұсыныс: қабілетін одан әрі дамыту.

Жалпы мониторинг қорытындысы:

Қайталама кешенді психодиагностика нәтижелері оқушылардың психикалық дамуындағы өзгерістерді жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, оқушылардың басым бөлігінде танымдық процестердің дамуында оң динамика байқалатыны анықталды. Әсіресе зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау көлемі және логикалық ойлау қабілеттерінде ілгерілеу көрініс береді.

Жекелеген оқушыларда бастапқы диагностикамен салыстырғанда нәтижелердің жоғарылауы тіркеліп, бұл жүргізілген түзете-дамыту

жұмыстарының тиімділігін көрсетеді. Ортадан жоғары және жоғары деңгейдегі оқушылар оқу материалын меңгеруде белсенділік танытып, танымдық тапсырмаларды орындауда дербестік пен тұрақтылық көрсетуде. Бұл олардың интеллектуалдық әлеуетінің жеткілікті деңгейде қалыптасып келе жатқанын білдіреді.

Сонымен қатар, кейбір оқушыларда көрсеткіштердің салыстырмалы түрде тұрақтылығы байқалады. Бұл топтағы оқушыларда негізгі танымдық дағдылар қалыптасқанымен, зейіннің ауысуы, есте сақтау дәлдігі және логикалық операцияларды орындауда әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстар бар. Осыған байланысты аталған оқушылармен мақсатты бағытталған дамыту жұмыстарының жалғасуы маңызды.


Төмен және ортадан төмен деңгейдегі оқушыларда танымдық процестердің жеткіліксіз қалыптасуы әлі де сақталып отыр. Атап айтқанда, зейіннің тұрақсыздығы, есте сақтаудың әлсіздігі, қабылдау мен ойлау операцияларының баяулығы оқу әрекетінде қиындықтар туындатуы мүмкін. Бұл оқушыларға жеке бағытталған, жүйелі және ұзақ мерзімді психологиялық-педагогикалық қолдау қажет.

Жалпы алғанда, мониторинг нәтижелері түзете-дамыту жұмыстарының оң әсерін көрсетеді және оқушылардың дамуында біртіндеп ілгерілеу бар екенін дәлелдейді. Дегенмен, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған тәсілді сақтау, жүйелі бақылау жүргізу және түзету жұмыстарының мазмұнын одан әрі жетілдіру қажеттілігі айқындалды.

Алынған нәтижелер алдағы уақытта әр оқушыға жеке білім беру траекториясын құруға, түзету-дамыту жұмыстарының бағытын нақтылауға және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді тиімді ұйымдастыруға негіз болады.

Жалпы ұсыныстар:

- * Жеке түзету-дамыту бағдарламаларын жалғастыру
- * Танымдық процестерді жүйелі дамыту
- * Логопед және психологпен тұрақты жұмыс
- * Оқушыларға сараланған тапсырмалар беру
- * Динамиканы тұрақты бақылау



2025–2026 оқу жылындағы 2–3 сынып оқушыларымен жүргізілген психологиялық қызметтің жылдық талдау есебі

2025–2026 оқу жылында педагог-психологиялық қызметтің жұмысы білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін қамтамасыз етуге, эмоционалдық тұрақтылығын нығайтуға, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға, қауіп-қатер факторларының алдын алуға және қолайлы психологиялық орта қалыптастыруға бағытталды.

Жыл бойы 2–3 сынып оқушыларымен жоспарға сәйкес диагностикалық, профилактикалық, түзету-дамыту, кеңес беру және ағартушылық бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Психологиялық сүйемелдеу барысында оқушылардың мектеп ортасына бейімделу деңгейі, эмоционалдық жағдайы, ұжымдағы өзара қарым-қатынасы, мінез-құлық ерекшеліктері, қауіп факторлары және жеке даму қажеттіліктері зерттеліп, бақылауға алынды.

2025–2026 оқу жылында 2-сыныптар бойынша жалпы 172 оқушы, 3-сыныптар бойынша 167 оқушы психологиялық қызметпен қамтылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінде мектепке оң бейімделу, оқу мотивациясының тұрақтылығы, сынып ішіндегі жағымды қарым-қатынас пен эмоционалдық тұрақтылықтың қалыптасқаны байқалды. Оқушылардың көпшілігі ұжымдық жұмысқа белсенді қатысып, өзара көмек көрсету, достық қарым-қатынас орнату, бір-біріне құрметпен карау дағдыларын көрсетті.

Сонымен қатар жекелеген білім алушыларда мазасыздық, сенімсіздік, қарым-қатынас жасаудағы қиындықтар, эмоцияны басқару дағдыларының жеткіліксіздігі сияқты ерекшеліктер анықталды. Аталған оқушылармен жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілерімен

және ата-аналармен бірлескен психологиялық қолдау ұйымдастырылды. Қажетті жағдайда ұсынымдар беріліп, бақылау тұрақты түрде жүзеге асырылды.

Оқу жылы барысында білім алушылар арасында тұлғааралық қарым-қатынасты жақсарту, достық қарым-қатынасты нығайту, жанжал жағдайларын конструктивті шешу, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған профилактикалық жұмыстар өткізілді. Оқушыларға жас ерекшелігіне сәйкес эмоцияны басқару, өз пікірін білдіру, қарым-қатынас мәдениеті, ойынға тәуелділіктің алдын алу, интернет қауіпсіздігі, буллинг пен кибербуллинктің зияны туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген профилактикалық жұмыстар нәтижесінде оқушылардың өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау деңгейінің артуы, құрдастарымен қарым-қатынас мәдениетінің жақсаруы байқалды.

Ата-аналармен өзара байланыс жұмыстары да жүйелі түрде ұйымдастырылды. Психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары барысында ата-аналарға баланың жас және психологиялық ерекшеліктері, эмоционалдық қолдау көрсету, қауіпсіз орта қалыптастыру, интернет кеңістігіндегі қауіптердің алдын алу, буллинг белгілерін ерте анықтау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға жеке кеңестер мен әдістемелік ұсынымдар берілді.

Инклюзивті білім беру бағыты бойынша ерекше білім беруді қажет ететін 7 оқушы тұрақты психологиялық сүйемелдеумен қамтылды. Оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес бақылау жүргізіліп, психологиялық карталары толықтырылды, әлеуметтік бейімделуі мен эмоционалдық жағдайына мониторинг жасалды. Сынып жетекшілерімен, ата-аналармен және мектеп мамандарымен тығыз байланыста түзету-дамыту бағытындағы жұмыстар ұйымдастырылды. Жүргізілген кешенді қолдаудың нәтижесінде оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуінде оң өзгерістер байқалды.

Психологиялық қызмет жұмысының маңызды нәтижелерінің бірі ретінде 2-сынып оқушысының дамуындағы оң динамика мен тұрақты сүйемелдеудің нәтижесінде психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия (ПМПК) қорытындысы бойынша инклюзивті білім беру тізімінен шығарылуы атап өтіледі. Бұл – педагогикалық ұжым, ата-ана және психологиялық қызметтің жүйелі, тиімді жұмысының нәтижесі әрі оқу жылындағы маңызды жетістіктердің бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылында жүргізілген психологиялық жұмыстар білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық әл-ауқатын қолдауға, қауіп факторларының алдын алуға және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталды. Оқушылардың эмоционалдық жағдайына

уақытылы назар аудару, ата-аналармен және педагогтермен бірлескен жұмыс тиімді нәтиже көрсетті.

SWOT–талдау

Күшті жақтары (Strengths):	Мүмкіндіктер (Opportunities):
Психологиялық қызмет жұмысы оқу жылы бойы жүйелі және жоспарлы түрде ұйымдастырылды. Диагностикалық, профилактикалық, түзету-дамыту, кеңес беру және ағартушылық бағыттар бір-бірімен үйлесімді байланыста жүзеге асырылды. 2–3 сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес бейімделу және эмоционалдық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізілді. Мектеп әкімшілігімен, сынып жетекшілерімен және ата-аналармен өзара әрекеттестік жолға қойылып, кешенді қолдау жүйесі қалыптасты. Бұл өз кезегінде оқушылардың мектеп ортасына бейімделуін жеңілдетіп, оқу мотивациясының сақталуына ықпал етті. Инклюзивті білім беру бағытында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен тұрақты жеке сүйемелдеу ұйымдастырылып, олардың әлеуметтік бейімделу деңгейі артты. Жыл ішінде бір оқушының ПМПК қорытындысы негізінде инклюзивті бақылаудан шығарылуы – жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі ретінде бағаланды.	Алдағы уақытта түзету-дамыту бағдарламаларын жаңарту және интерактивті психологиялық әдістерді енгізу арқылы жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік бар. Ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстарын күшейту, тренингтер, семинарлар және ашық кездесулер ұйымдастыру арқылы отбасылық қолдауды жүйелеуге болады. Инклюзивті білім беру аясында жеке білім беру маршрутын жетілдіру, арнайы психологиялық сүйемелдеуді кеңейту және мультидисциплинарлық командамен (педагог, дефектолог, логопед, ата-ана) бірлескен жұмысты дамытуға жағдай жасалған.
Әлсіз жақтары (Weaknesses):	Қауіптер (Threats):
Кейбір оқушыларда эмоционалдық тұрақсыздық, мазасыздық және өзін-өзі бағалаудың төмендігі байқалды. Жекелеген балаларда қарым-қатынас орнату және топтық жұмысқа бейімделу қиындықтары сақталды. Ата-аналардың бір бөлігінің психологиялық қолдау және мектеппен өзара байланысқа белсенді қатысу деңгейі жеткіліксіз болды. Бұл кейбір түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін толық арттыруға кедергі келтірді. Сонымен қатар цифрлық ортаға тәуелділік, гаджет қолдану уақытын	Қазіргі цифрлық ортада кибербуллинг, интернет тәуелділігі және әлеуметтік желілердің теріс әсері күшею қаупі сақталады. Бұл оқушылардың психоэмоционалдық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Отбасылық бақылаудың жеткіліксіздігі кейбір балаларда мінез-құлық ауытқуларының күшеюіне ықпал етуі ықтимал. Сонымен қатар мектептен тыс орта әсері, құрдастар арасындағы қысым және эмоционалдық стресс факторлары

бақылаудың әлсіздігі кейбір оқушыларда қауіп факторы ретінде байқалды.	оқушылардың тұрақты дамуына қауіп төндіреді.
--	--

Қорытынды: 2025–2026 оқу жылында 2–3 сынып оқушыларымен жүргізілген педагогикалық-психологиялық қызмет жоспарға сәйкес толық көлемде іске асырылды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуі, эмоционалдық тұрақтылығы және сыныпшілік қарым-қатынасы бойынша оң динамика байқалды. Алдағы оқу жылында профилактикалық, түзету-дамыту және инклюзивті қолдау жұмыстары жалғастырылып, ата-аналармен өзара әрекеттестік нығайтылатын болады.

4.9. «Абай» электронды мобильді кітапханасының қызметінің 2025-2026 оқу жылы бойынша жылдық есебі

Негізгі бағыттары:

1. Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету;
2. Мектептің оқу-тәрбие жоспарына сай кітап қорын насихаттау;
3. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында түрлі жобалар ұйымдастырып, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы №216 бұйрығына сәйкес Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау туралы бұйрығын басшылыққа ала отырып, қор құрамы реттелді, оның пайдалануына талдау жасалды.

Жаңа түскен 10074 дана 30701708 тг оқулықтарды қабылданып және техникалық өңдеуден өткізілді. Ілеспе құжаттарын рәсімделіп, оқулықтарды штемпелденіп, есеп кітабына тіркеліп, қор құрамына орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 28 қаңтардағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» №91 бұйрығы негізінде оқушылар оқулықпен қамтылды.

Электрондық оқулықтарды пайдалану және қолданатын бала саны: 1754

ІІ тоқсан бойынша	Лецензия оқушыға	мұғалім	тіркелді
Топик	1000		1000
Опик	1000		880
«Мектеп» баспасы	1000	114	1000
«Атамұра»	880	98	880

Мектеп кітапхана қорының жинақталуы және қалыптастырылуы

КІТАПХАНА ҚОРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ ЕСЕБІ	Көркем әдебиетпен қамтылу көрсеткіші	Оқулықпен қамтамасыз етілген оқушылар үлесі %	әдістемелік әдебиеттермен қамт. етілуі (қажеттілікте р %-бен)	Ғылыми танымдық және әдістемелік журналдар мен қамт. етілуі (қажеттіліктер %-бен)	АБА қамтамасыз етілуі (сөздік, анықтамалық, энциклопедия, қажеттіліктер %-бен)	Дидактикалық материалдар (қажеттіліктер %-бен)	Электрондық оқулықтар және ОӘК қамтамасыз етілуі (қажеттіліктер %-бен)
Қамтылу пайызы	65 %	100 %	35 %	350 %	65 %	10 %	0%, 20%

Кітапхана қоры	Оның ішінде				Тілдер бойынша		
	оқулықтар	Көркем әдеб	Сатып алған	Акция бойынша	қазақ	орыс	ағылшын
39 013	35 750	3 263	938	2266+59 эл.көркем	3 400	100	16

2020-21 оқу жылына алынған оқулықтар саны		2021-22 оқу жылына алынған оқулықтар саны		2022-23 оқу жылына алынған оқулықтар саны		2023-24 оқу жылына алынған оқулықтар саны		2024-2025 оқу жылына алынған оқулықтар саны	
саны	соммасы	Саны	соммасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы
5815	7235670	16 593	33231928	27 587	4 8869600	6 342	13982608	11276	29 738 829 тг

2020-21 жылдар аралығында алынған көркем әдебиет		2022-23 жылы сатып алынған көркем әдебиет		2023-24 жылы сатып алынған көркем әдебиет (Шілде айында)		2023-24 жылы сатып алынған көркем әдебиет (қараша айында)		2024-25 жылы сатып алынған көркем әдебиет (қыркүйек айында)		2025-26 жылы сатып алынған көркем әдебиет (желтоқсан айында)	
саны	соммасы	Саны	соммасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы
659	1 000013 тг	279	175939	279	894319 тг	241	1 862 896 тг	1603	3 975 983	441	1 874538 тг

Кітапханаға білім басқармасынан 2024 -2025 оқужылында 1603 дана 3 млн. 977 436 тг көркем әдебиет түсіп, «Балалалар кітапханасы» жобасы аясында «Жаңа кітаптар сіздер үшін оқырман» видеоролигі мен кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды.

Биылғы оқу жылында «Абай» баспасынан 127 дана 1 миллион 601155 тг, «Фолиант» баспасынан 62 дана 189981 теңгеге «Келешек» баспасынан 101 дана 185810 тг, «Көкжиек горизонт» баспасынан 41 дана 176300 тг, «ТОО Oxford Press» баспасынан 55 дана 410100 тг, «Алматыкітап» баспасынан 55 дана яғни 311192 теңгенің, барлығы 441 дана 1 млн 874538 тг кітаптарына тапсырыс беріп, биылғы оқу жылы кітапхана қорын жаңаладық.

Кітапхана міндеті мен ережесі бойынша арнаулы ҚР Білім және ғылым министрлігінің №827 бұйрығы бойынша оқырман міндеті мен ережесі, мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидалары бекітіліп, арнаулы «Кітапхана-білімпаздар мекені» стендті оқушыларға кітапхананы пайдалану ережелерімен сыныптар бойынша таныстырылды.

Кітапхана оқыrmандарына оқу жылының басталуымен реттік нөмірлер беріліп, жаңа келген оқыrmандарға формуляр ашылды. Қыркүйек айының басынан 317 жаңа оқырман қосылып отыр. 470 оқырман келіп қайта тіркелген, 2200 көркем әдебиет пен оқу әдістемеліктер, баспасөз құралдары берілді. 30 тамыз -Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай, "Абай" электронды мобильді кітапханада 29 тамыз күні «Ата Заң – Азат елдің негізі» тақырыбында кітап көрмесі ұсынылды.

1995 жылдың 30 - шы тамызында бүкілхалықтық референдумда қабылдаған. Конституция Қазақстан Республикасының негізгі заңы болып бекітілді және 5 қыркүйек күні күшіне енді.Конституция 9 тарау, 98 баптан тұрады. Қазіргі Ата Заңымыздың темірқазығы, кешегі "Қасымханның қасқа жолы", "Есімханның ескі жолы", Тәуке ханның "Жеті жарғысының" заңды мұрагері іспетті.

Мақсаты: Оқушыларымыздың Ата Заңның бағасын білу, оқушыларды еліміздің басты құжатын құрметтеуге үйрету.Отанын құрметтей білетін, болашақта Қазақстанды өркендетуге өз үлестерін қосатын азамат тәрбиелеу. Көрмеде Қазақ хандығы кезінен бастап Қазақстан халқының құқықтары, бостандығы мен міндеттерінің құрылу тарихын, Кеңес Одағының құрамына кірген Қазақ АССР Конституциясының және Тәуелсіз Қазақстан азаматтарының барлық құқықтарын қамтамасыз ететін қазіргі заманғы Конституцияның тарихын баяндайтын кітаптар және 2022 жылы Ата заң тармақтарына енгізілген өзгерістер жайында мерзімді басылымдар ұсынылды.

5 – қыркүйек күні «Абай» электронды кітапханасында «Ахмет – ұлт ұстазы» тақырыбында кітап көрме ұйымдастырылып, оқушыларға өмірі мен шығармашылығы туралы шолу жасалынды. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ

халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Қазақ жастарын ілім мен білім іздеуге шақырған алаштың алып азаматтарының бірі.



«Абай» электронды кітапханасында «Адал азамат» Бір тұтас тәрбие бағдарлама аясында кітап көрмесі ұйымдастырылып шолу жасалынды.

Мақсаты: Оқушыларды адалдық, еңбекқорлық, патриотизм қасиеттерін сіңіру, мектеп пен қоғам арасындағы байланысты нығайту;



Биылғы оқу жылы «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Абай» электронды мобильді кітапханасында «8 минуттық кітап оқу» басталды.

Мақсаты: Білім алушының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, танымдық – шығармашылық көзқарасын кеңейту. «Кітапхана – бар білімнің қазынасы» дегендей ізденсем, білсем деген әрбір жанға кітапханамыздың есігі әрқашан да ашық. «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа» деп Абай атамыз айтпақшы, адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші.



3 - қазан күні «Абай» электронды мобильді кітапханасында «Ұстаз – мектептің жаны» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушыларды бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.



10 - қазан күні "Мен өз - Отанымның патриотымын" тақырыбында 11 сынып оқушыларымен интеллектуалды сайыс өткізілді.

Мақсаты:

Оқушыларды Отанды сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін тарихын білуге тәрбиелеу арқылы таным белсенділіктерін, қызығушылықтарын дамыту.

Оқушыларға патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой-пікірін білдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу.



13 - қазан күні «Абай» электронды мобильді кітапханасының ұйымдастыруымен «8 минут кітап оқу» жобасы аясында 4 "Б" сынып оқушыларымен «Кел, бірге оқимыз!» тақырыбында ойталқысы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, танымдық көзқарасын кеңейту. Алдағы уақытта да кітап оқуға ынталы зерделі оқырмандарымызды асыға күтеміз.



14 – қазан күні «Абай» электронды мобильді кітапханасында «Асыл сөзді издесең, Абайды оқы, ерінбе» Қазақ тілі пәні онкүндігі аясында ұлы ақын, қазақ халқының рухани қазынасы – Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған мәнді шара өтті. Іс – шара барысында оқушылар ақынның жүрекке жетер өлеңдерін жатқа айтып, даналыққа толы нақыл сөздерін дәріптеді.

Мақсат : Оқушыларды сөз өнерін қадірлеуге, әдебиетке сүйіспеншіліккепен карауға, Абай мұрасының терең мағынасын түсінуге тәрбиелеу.



22 – қазан күні «Абай» электронды мобильді кітапханасында «1001 мақал, 101 жұмбақ» сайысы өтті.

Мақсаты: «Сөз мәйегі - мақал» дегендей, ата – бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, тапқырлыққа, даналыққа тәрбиелеу. Іс - шараға 5 «Б» сынып оқушылары 3 топқа бөлініп ой ұшқырлығын танытып, I II III орындарға ие болды.



21 – қазан күні «Абай» электронды мобильді кітапханасында «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында танымдық сағат өтті.

Мақсаты: Оқушылардың өз Отанын сүйуге, Қазақстанда тұратын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүр қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

Елінің Туын, Елтаңбасын, Өнұранын қастерлеуге өз елін, тарихын біліуге тәрбиелеу. Осы іс – шараға арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылып 4 «а» сынып оқушылары Жұмаділов Сүндет, Ақтаев Нұрали, Амирбек Диас, Қылышбек Бибіфатима өзінің өлең жырларын арнады



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «8 минут кітап оқу» жобасында ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп оқу. 3 «Ә» сынып оқушылары арасынан Кульчиков Бақмейір мен Ескіркеп Нұрислам ақын өлеңдерін жатқа айтты. Бұл шарада сынып жетекшісі Гүлнар Орынбекқызы мен кітапханашылар оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, танымдық шығармашылық көз қарасын кеңейтуде Абай шығармалары туралы белсенді тақтамен «Абай – әлемі ұлы қазына, біз бүгін тек ақын өлеңдерінің аз ғана бөлігін қамтуға алдық».




Қарашаның 11-інде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г.Жеңісқызымен бірігіп Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған танымдық шара заманауи форматта өтті.

Мақсаты: Қазақтың бас ақыны, ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын насихаттау арқылы білім алушы бойына ақын шығармашылығындағы ұлттық құндылықтарды сіңіру;

Іс-шараға қатысқан 10 «Б» сынып оқушылары Жақсыбекова Аруана мен Азизова Ғазиза «Ескендір» поэмасынан слайдпен постер қорғады.

10 «В» сынып оқушылары Ерғали Асылай, Сапарбек Қасиет және Асқар Каусар «Буктрейлер» дайындады.

10 «А» сынып оқушылары Қыдырбай Ақнұр, Шәкәрім Әйгерім kahoot форматында 25 сұрақ дайындап, білім алушылардың білімдерін толықтырды.



«Әжемнің ертегісі» жобасы бастауыш сыныптарда өткізілді. Ертегілер тыңдау арқылы оқушылар жалпы дамуға рухани құндылықтарды бойларына сіңіруге тәрбилейміз. Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыруда ертегілердің маңызы өте зор. Тындарман оқушы ертегілерді тыңдап қана қоймай, ертегіні оқи отырып қиялдайды, қажетті дағдыларды күнделікті өмірде қолданады.



«Ұжыммен бірге оқимыз» жобасы аясында «Оі – Sana» оқырмандар клубының кезекті отырысы өтті. Бұл жолы клуб мүшелері қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» шығармасын оқып, мазмұнын терең талқылады. Жиын барысында оқырмандар қаламгердің табиғатты

суреттеудегі шеберлігіне ерекше тәнті болғандарын айтып, өз әсерлерімен бөлісті. Тілі шұрайлы, көркемдік қуаты мол туынды әр оқырманға өзгеше әсер сыйлады. Алтай өлкесінің тумасы Айдын ағай шығарманың шынайлығына тоқталып, кітаптағы суреттеулердің Алтай табиғатымен дәл келетіні жайлы қызықты мәліметтер берді. Сондай – ақ ел арасында сақталған «Қар қызы» туралы аңыздың да бар екенін айтып, отырысқа ерекше мазмұн қосты. Жылы атмосферада өткен бұлбасқосу оқырмандарға әдебиет әлеміне тереңірек үңіліп, шығармадан алған әсерін ортаға салуға мүмкіндік берді. Жиын соңында өз әріптестеріне хат жолдады.




Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылы «Жұмысшы мамандықтар» жылы деп жариялағаны белгілі. Осыған орай адал әрі табанды еңбегімен қоғам өміріне сүбелі үлес қосып жүрген қарапайым еңбек адамдарының өмірін насихаттау мақсатында бүгін мәжіліс залында «Еңбек адамы - ел мақтанышы» атты танымдық сағат өткізілді. Іс – шараға гимназияның кіші қызметкерлері Мусаев Бейсенбай Хамитұлы, Назаров Елена Семеновна, Алимова Марина Аликовна, қатысып сұрақтарға жауап берді. және 6 «Ғ» сыныбының жетекшісі Майгүл Сүйіндікқызының оқушылары «ЕсоJas» экожобасын ұсынып оқушыларға таныстырылды. Сонымен қатар Алғыс хат пен марапатталды.



Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік - еркіндігім» тақырыбында танымдық шара өткізілді. Іс – шараға 5 «А» сынып оқушылары қатысып QUIZZ бойынша сұрақтарға жауап беріп белсенділік танытты. Және кітап көрмесі ұйымдастырылып шолу жасалынды. Мақсаты: Оқушыларға еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата – бабаларымыздың ерлігін паш ету, желтоқсан құрбандары мен олардың ерлігін үлгі ете отырып, кітаптарын насихаттау;

сыныптар	Бала саны	қатысымы
1 сыныптар	145	26
2 сыныптар	169	48
3 сыныптар	163	43
4 сыныптар	194	58
5 сыныптар	193	72
6 сыныптар	153	79
7 сыныптар	143	63
8 сыныптар	140	44
9 сыныптар	139	28
10 сыныптар	86	31
11 сыныптар	64	23
	1589 бала	515



Оқушылардың кітапханаға қатысымы:

Жыл сайын дәстүрге айналған **«Бір ел – бір кітап»** республикалық акциясы 2026 жылы да өз жалғасын табуда. Аталмыш акция аясында биыл ұлы жазушы, қоғам қайраткері Қабдеш Жұмаділовтің көрнекті шығармасы — **«Тағдыр»** романын таңдалды.

Республикалық акцияның мақсаты – қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылық биігі саналатын **«Тағдыр»** романы 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Бұл шығармада жазушы ел мен жер тағдырын, азаттық пен ар-намыс ұғымдарын көркемдік биік деңгейде көтеріп, ұлт тарихындағы күрделі кезеңдерді шынайы әрі әсерлі бейнеледі. **«Тағдыр»** романы – ұлттық сананы оятқан, тарихи жадыны жаңғыртқан эпикалық қуаты мол туынды.

Жазушының қазақ әдебиетіндегі ерен еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды. 1998 жылдың 23 қазанында Қабдеш Жұмаділовке **«Қазақстанның халық жазушысы»** деген құрметті атақ берілді. Бұл – қаламгердің ұлт руханияты жолындағы табанды еңбегіне, әдебиетке сіңірген өлшеусіз үлесіне берілген лайықты баға екенін оқушыларға түсіндіріліп, **«Тағдыр»** романынан бірнеше сұрақтар бойынша ой- талқы kahoot платформасымен сайысы өткізілді.

"Абай" электронды мобильді кітапханасында ғасыр ақыны атанған мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына орай "Поэзия, менімен егіз бе едің..." тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу.

Іс - шараға 5 “ Б” сынып оқушылары қатысып, Мұқағали ақының өлеңдерін нақышына келтіріп айтты.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында балалар әдебиетінің онкүндігінің ашылуына орай Кітап – асыл қазына тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып шолу жасалынды. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары қатысып QUIZZ бойынша сұрақтарға жауап беріп белсенділік танытты.

Мақсаты:

Оқушыларды көркем әдебиетке баулу, балалар әдебиетінің тәрбиелік мәнін арттыру, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.



Қалалық "Балалар әдебиеті-асыл қазына" тақырыбындағы онкүндіктің екінші күнінде "Ертегілер елінде" "Менің сүйікті ертегім" бойынша Бауырсақ ертегісінен сахналық көрініс өткізілді. Мақсаты: Балаларға ертегіні мұқият тындауға үйрету. Сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Тіл байлығын, ой өрісін дамыту.

Іс – шараға 1 "А"сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Гүлдана Атшабарқызы қатысты.



Кітапханада қалалық "Балалар әдебиеті-асыл қазына" тақырыбындағы онкүндіктің үшінші күнінде оқыған ертегілеріне байланысты сурет салып сол суреттері арқылы ертегі мазмұнын айтып берді. Балалар өз ойларын еркін жеткізіп, қиялдарын суретпен көрсете білді.

Іс – шараға 3 «А» сынып оқушылары қатысты Жумадилова Сания, Бауыржан Яссина, Арманқызы Дария, 3 «Ә» Болысхан Әли, 3 «Ғ» Оңталап Ахмет, Сатубалдинова Жұлдыз, 3 «Е» Темірбекқызы Раяна, Бахиева Адия, Бахиева Азия.

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқыған ертегілерін түсініп оқуын, ойды сурет арқылы жеткізуге және шығармашылық қабілеттерін дамыту.



Қалалық "Балалар әдебиеті-асыл қазына" тақырыбындағы онкүндіктің төртінші күнінде «Өлең – сөздің патшасы» мәнерлеп оқу өлеңдеріне 5 «Б» сынып оқушылары белсене қатысты.

Мақсаты: Оқушыларды ұлы ақын Абай Құнанбаев шығармаларымен таныстыру. Ақынның өлеңдері мен қарасөздерін оқыту арқылы адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа баулу. Білімге деген құштарлығын арттыру.



"Балалар әдебиеті-асыл қазына" онкүндіктің бесінші күнінде «Отбасымен кітап оқу - игі дәстүр» тақырыбында Бір кітап – бір отбасы жоба аясында өткізілді. Іс – шараға 8 «Б» сынып оқушылары мен Ата – аналары қатысты. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын

арттырып, оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында еркін бөлісіп, оқырмандарды шабыттандыру.





"Балалар әдебиеті-асыл қазына" онкүндіктің алтыншы күнінде «Театр және кітап сахнада» тақырыбында ғасыр ақын атанған Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан сахналық көрініс қойылып, ақынның бірнеше өлеңдерін мәнерлеп оқылды.

Мақсаты: Оқушыларды ақын шығармаларымен таныстыру арқылы поэзияға деген қызығушылығын арттыру және ұлттық әдебиетке құрмет сезімін қалыптастыру.



"Абай" электронды мобильді кітапханасында "Балалар әдебиеті-асыл қазына" онкүндіктің жетінші күнінде «Кітап – білім бұлағы» тақырыбында 6 сынып оқушыларымен зияткерлік викториналық сұрақ- жауап сайысы өткізіліді.

Мақсаты: Оқушылардың ой ұшқырылығын танытуда кітапқа деген қызығушылығын арттыра отырып, көркем шығармалар туралы білімі кеңейту;



"Балалар әдебиеті-асыл қазына" онкүндіктің сегізінші күнінде жас қаламгерлер клубы мүшелерімен «Жүректен шыққан жырлар» тақырыбында мүшәйра өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың ой ұшқырылығын танытуда кітапқа деген қызығушылығын арттыра отырып, жас ақындардың сөз байлығын дамыту, шығармашылық қабілетін арттыру, тілге, елге деген сүйіспеншілігін ояту.

Мүшәйрада қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Азамат Мәлжанбай жинақтап шығарған «Қайымнан нәр алған қалам» атты жас ақындар жыр жинағының тұсаукесері болып, мектебіміздің директоры Гүлжанат Асанқызы лентасын қиды. Жас қаламгерлер өз өлеңдерін оқып, Алғыс хатпен марапатталды.



Кітапханада «Балалар әдебиеті – рухани тәрбие бастауы» тақырыбында балалар әдебиеті онкүндігінің жабылуы өтті. Қорытындылауда гимназия директоры Г. Асанқызы қатысып жүлдегерлерді марапаттады.

«Кітап – рухани дос» оқырмандар клубымен бірлесіп «Үздік оқырман», «Үздік сынып» номинациялары;

«Кітап кейіпкерлері балалар көзімен» сурет байқауына қатысқан оқушыларды,

«Өлең – сөздің патшасы» мәнерлеп оқуға қатысқандарды;

«Жүректен шыққан жырлар» поэзия толқынында мүшәйраға қатысқан оқушыларды;

14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау акциясына белсенді қатысушыларды марапаттау рәсімі ұйымдастырылды. "АБАЙ" электронды мобильді кітапханасының ұйымдастыруымен "Шын жүректен кітап сыйла!" акциясына орай членджі өткізіліп, 82 дана көркем шығармалар кітап қорына қосылды.

Мерекенің қағидасы бойынша членджді әр сынып оқушылары бірінен бірі қабылдап алып жалғастырып жасөспірімдер қызыға оқитын кітаптарды тарту етті. Кітап сыйла акциясына қатысқан оқушылар марапатталды.



«Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасы, «Балалар кітапханасы» жобасы аясында **«Бала жанының бағбаны»** балалар кітабының жазушысы Толымбек Әбдірайыммен кездесу кеші өтті. Кеш барысында 4 «Д» сынып

жетекшісі Сауле Құрмашқызы оқушылармен жазушының әңгімесінен ой - талқы ұсынды.



Кітапханада 8 - Наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай **«Ана – тіршіліктің тірегі»** тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып сонымен қатар «Оі - Sana» клубының кезекті отырысы өтті. «Анаға тағызым» деп аталып, ана туралы қалам тербеген жазушылардың шығармаларынан «Каһоот» арқылы сұрақтар жинағын ұсынып, қызықты ойынмен ұйымдастырды. Бұл сайыста I орын Гүлжан Жеңісқызы, II орын Қуандық Санатұлы, III орын Оксана Полатқызы иеленді.



"2 сәуір - Халықаралық балалар кітабы күніне" арналған «Ғажайып пен құпия кітапта» атты жұмбақ сайысы өтті. Сайыстың мақсаты – балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, қиялын дамыту және шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

Сайыс барысында қатысушылар өздерінің сүйікті ертегілері мен кейіпкерлерін бейнелеп, ғажайып әлемді өздерінің ойымен қысқаша айтып жеткізе білді. Балалардың өз ойларын, қиялдарының кітапқа деген құрметінің жоғары екенін тағы бір дәлелдеді. Олардың қиялы шексіз, ал таланты таңғаларлық! Белсене қатысқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталды.

Кітап – білімнің кілті, ал баланың ішкі әлемі оның айнасы. Осындай шаралар арқылы біз жас ұрпақтың өнерге, білімге деген сүйіспеншілігін арттыра түсеміз.

«Ұлттық кітап күні» мерекесіне орай, «Балалар әдебиеті – рухани тәрбие бастауы» атты онкүндік аясында Қайым Мұхамедханов атындағы "Қаламымен шуақ шашқан" шара өткізілді.

Ақын, балалар жазушысы Шолпан Балманова Жібекәлиқызымен өткен рухани кездесу кешіміз жоғары деңгейде, өтті. Кездесу барысында: Ақынның өмір жолы мен шығармашылық тағылымына тереңірек үңілдік; Жүрекке жылы, ойға қонымды өлеңдері оқылды;

Шолпан ханымның жаңылтпаштары мен жұмбақтарымен кештің көркін кіргіздік.

Кештің ең бір сәті — ақынның біздің кітапханашы қыздарға арнап арнайы жазған «Кітапханашы қыздарға» атты арнау өлеңі болды. Бұл біз үшін үлкен құрмет әрі үлкен шабыт!



Ұлттық кітап күні қарсаңында ұйымдастырылған онкүндік іс – шараның алғашқы күні – Ғылым күніне орай **«Ғылымға апарар жол»** тақырыбында ғалым Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен шығармаларымен танысты.

Сонымен қатар Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығы артып, ғылымға деген құрметті нығая түсті.



«Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша Ұлттық кітап күні қарсаңында ұйымдастырылған онкүндік іс – шараның үшінші күні кішкентай оқырмандар үшін **«Журнал оқып, жүзден оз!»** тақырыбында танымдық сағат өтті. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндер мерзімді басылымдар әлеміне саяхат жасады. Көрмеге қатысушылар 4 «Е» сыныбы және сынып жетекшісі Жумагильдина Зауре Сабыровна және кітапхана меңгерушісі Г.Аманжолова оқушылардың танымдық қызығушылығын ескеріп, сұрақ-жауап алды. Оқушылар балалар әдебиетінің озық үлгілерімен, соның ішінде еліміздің ең танымал басылымдармен жақыннан танысты: «Ақ желкен», «Балдырған»,

«Айгөлек», «Балбұлақ», «Мөлдір бұлақ», «Бала би», «Ертегілер елінде» журналдары және «Ұлан» газеті оқырмандар назарына ұсынылды.



«Балалар әдебиеті – рухани тәрбие бастауы» атты онкүндік аясында кітапханада

«ГАДЖЕТ ПЕН РУХАНИ ДАМУ» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды.

Іс-шараға 5 «Б» сынып оқушылары белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізіп, тың идеяларымен ерекшеленді

Пікірсайыс қорытындысы бойынша үздік атанған топ марапатталды!

Осындай тағылымды шаралар оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, рухани дамуына үлкен үлес қосады.



9 сыныптар арасында «Кітап және цифрлық әлем» тақырыбы бойынша шарасы өтті. Технология қанша дамыса да, білімнің іргетасы кітапта жатқанын оқушыларымыз тамаша түсінді. Балалар тек бағдарлама жазып қана қоймай, болашақтың кітапханасын қалай елестететінін көрсетті. Роботтар мен кітаптардың «диалогы», QR-код арқылы жұмбақтар шешу, шығармашылық мастер-класстар — мұның бәрі шараның сәнін келтірді. Балалардың көзіндегі жалын мен техникаға деген құштарлығы бізді қуантты! IT-маманы Дүйсек Бексұлтан ұйымдастырған шара бүгінгі кітапқұмар балалардың ынтасын арттырып, олардың арасынан небір ғажайып мамандар шығатынына сенімдіміз. Кітап оқып, ойды байытып, технологияны меңгеріп, болашақты бірге құрайық!

«АБАЙ» электронды мобильді кітапханасында «Отбасымен кітап оқу - игі дәстүр» тақырыбында ашық оқу сағаты ұйымдастырылды. Шара аясында оқушылар мен ұстаздар қауымы бас қосып, рухани құндылықтар мен кітап оқу мәдениетін талқылады. Суретте көріп отырғандарыңыздай, жас

оқырмандардың көзіндегі жалын мен кітапқа деген қызығушылығы бізді қуантады.«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге...» — деп Абай атамыз айтқандай, ілімнің кілті тек кітапта екенін ұмытпайық.



23 – сәуір – Ұлттық кітап күніне орай «Досыңа кітап сыйла» акциясы өтті. Іс – шараның мақсаты – оқушылар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, рухани құндылықтарды насихаттау және достық қарым - қатынасты нығайту. Акция барысында оқушылар бір – біріне өздері сүйіп оқыған кітаптарын сыйға тартып, ізгі тілектерін білдірді. Кітап – білімнің қайнар көзі, рухани байлықтың бастауы болып осындай игі бастамалар жас ұрпақтың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып, ой – өрісін кеңейтуге ықпал етті.



«Балалар кітапханасы» және «8 минут кітап оқу» жобаларын қорытындылау мақсатында

4 «Б» сынып оқушылары мен олардың жетекшісі Алия Жакупбекова Жунусовна мен кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Мен оқыған бір кітап» тақырыбында қорытынды ой-талқы ұйымдастырылды.

Іс-шараның барысында оқушылардың кітап оқу дағдысын қалыптастыруды мақсат еткен бұл жобада жас оқырмандар ерекше белсенділік танытты:

Өздері оқыған шығармалар бойынша дайындаған авторлық презентацияларын қорғады;

Кітаптан алған әсерлерімен бөлісіп, мазмұнды пікір алмасты;

Шығармашылық ізденістері мен талдау жасау шеберліктерін көрсетті.

Оқушылардың ынтасын бағалау мақсатында салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шынар

Амандыққызы мен кітапхана меңгерушісі Гүлнар Шакизақызы жеңімпаздар мен жүлдегерлерге "Бас жүлде", I, II, III дәрежелі дипломдармен , Алғыс хаттар табыс етілді.

Сынып жетекшісі Алия Жунусовна шәкірттерінің кітап оқуға деген құштарлығын қолдау мақсатында өзінің атынан арнайы ынталандыру сыйлықтарын (ақшалай сыйақы) табыстап, балаларға шығармашылық шабыт сыйлады.

Қорытынды: Бұл сынып бастауыш сыныптар арасында "Ең үздік оқырман сынып -2026" номинациясына ие болып қана қоймай, өткізген бүгінгі іс-шарасы өскелең ұрпақтың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып, интеллектуалды дамуына үлкен серпін берген маңызды қадам болды.

«Балалар кітапханасы» және «8 минут кітап оқу» жобаларын қорытындылау мақсатында ұлттық кітап күніне арналған салтанатты мерекелік шарада қалалық Кітап Квиздан 6-8 сыныптар арасында өткен интеллектуалды сайыста мектебіміздің 7 «А» сынып оқушысы Азат Айтұмар Бас жүлдегер атанды жетекшісі Айдын Құмарбекұлы.



«Ұлы Жеңіске тағзым» тақырыбында әңгіме өткізілді.

Мақсаты: Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығы - адамзат тарихындағы қайғылы және маңызды оқиғалардың бірі. Ұлы Отан соғысында жанын шүберекке түйіп, бейбітшілік үшін күрескен батырларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Олар бізге тек жеңіс сыйлап қойған жоқ, болашаққа деген үміт пен сенім де қалдырды. Сол сеніммен өмір сүріп, бейбіт күннің қадірін білейік! «Жеңіспен келген, Жеңіс күні кеткен Ұлы тұлға» деген сөзбенен ғана емес, бұл ерлік пен тағзымға толы тарихи белес екенін ұғындыра білдік.

15 мамыр -Отбасы күніне орай «Абай" электронды мобильді кітапханасында ерекше мазмұнды, тағылымы мол «Балалықтан даналыққа» атты зияткерлік сайыс болып өтті. Бұл шара Сейілбек Мырзабайдың кітабы бойынша 1«А» және 2«Ғ» сынып ата-аналарының басын қосқан бұл шара отбасы мен мектеп арасындағы алтын көпірді нығайта түсті. сайысты екі кезеңнен өткізді. Бірінші кезеңде ой талқыда ата-аналар өзекті тақырыптар төңірегінде ой бөлісіп, пікір алмасты

Кітапханашы Амиржанова Мөлдір Kahoot форматында заманауи технологияның көмегімен ата-аналарымызды білім мен жылдамдықты ұштастырып, нағыз зияткер екендіктерін дәлелдетті. Мерекелік кештің шырайын кішкентай өнерпаздарымыз 1 "А" сынып оқушылары Кульчикова Раяна, Асылбекұлы Ұлықбек, 2 "Б" сынып оқушылары Елубай Альмира, Қыдырбек Аяла, Мырзабай Адия секілді өнерпаздарымыз әсем ән шырқап, мың бұрала би билеп, жиналған қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Шара соңында мектеп директорының атынан белсенді ата-аналарға арнайы Алғыс хаттар табысталды. Риза болған ата-аналар ұйымдастырушыларға жылы лебіздерін білдіріп жатты.



15 мамыр Отбасы күніне арнап «Әжемнің ертегісі» жобасы өткізілді.



"АБАЙ" электронды мобильді кітапханасының ұйымдастыруымен «8 минут кітап оқу» жобасы қорытындысы бойынша білімді де белсенді оқырманын анықтау үшін «Ең үздік оқырман» байқауы 1 сыныптар арасында "Минутқа оқу" шарты бойынша өтті.

Мақсаты:

Білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, танымдық-шығармашылық көзқарасын кеңейту.

Балалар кітапханасы" мен «8 минут кітап оқу» жобасы қорытындысы бойынша білімді де белсенді оқырманын анықтау үшін «Ең үздік оқырман - 2026» байқауы өтті.

Мақсаты:білім алушылар мен педагогтердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, танымдық-шығармашылық көзқарасын кеңейту.

«Кітапхана –бар білімнің қазынасы» дегендей ізденсем, білсем деген әрбір жанға кітапханамыздың есігі әрқашан да ашық.«Танымның бар тамашасы-кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа»- деп Абай атамыз айтпақшы, адам баласы үшін кітап - тілсіз тәрбиеші.

<https://www.facebook.com/share/r/14bBJECs1sY/>

«Абай» кітапханасының оқу залында *«Оi- Sana» оқырмандар клубының* кезекті отырысы ерекше драйв пен жаңа форматта өтті. Бұл жай ғана кездесу емес, нағыз зияткерлік баттл мен шығармашылық ортаға айналды.

Ұстаздар қауымы екі топқа бөлініп, 1-тур "Кім?Не? Қайда" білім мен логика додасына түсті. Қатысушылар тек жауап беріп қана қоймай, бір-біріне ой саларлық сұрақтар қойып, нағыз пікірталас алаңын құрды.

2-турда әдеби шығармалардағы проблемалар талқыланды.

Жаңашылдық: Кітапты суретпен «сөйлету»

Кездесудің ең креативті бөлімі — 3-ші тур болды. Мұнда ұстаздар өздері оқыған туындыларды жарнамалаудың тың әдісін қолданды.

Ой талқы соңында дәстүрлі"Кітап гәп" ойыны бойынша

Гүлжан Жеңісқызы мен Айсұлу Болатбекқызына өздері ұнатқан шығармаларын ұсынды.

Іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне мұрындық болған — қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлжан Жеңісқызы мен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Балжан Аманжолқызына ерекше шеберліктеріне тәнті болып, алғыс айтамыз.

сыныптар	Бала саны	көрсеткіші
1 сыныптар	150	10%
2 сыныптар	172	38%
3 сыныптар	167	49%
4 сыныптар	201	52%
5 сыныптар	193	61%
6 сыныптар	153	59%
7 сыныптар	143	38%
8 сыныптар	140	42%
9 сыныптар	139	37%
10 сыныптар	86	11%
11 сыныптар	64	33%
	1589 бала	100%

<https://www.facebook.com/share/p/1BrbN7dvod/>

Оқу жылы соңындағы оқушылардың кітапханаға қатысым көрсеткіші:

Нәтижелілігі:	Жетіспеушілігі	Ұсыныс, мүмкіндіктері
1. Республикалық «Алматыкітап» баспасы ұйымдастырған «ТОPIQ-2025» конкурсында I орынды М.Амиржанова иеленді; 2. Республикалық «Абай» және «Мұқағали» оқуларына 10 оқушы қатысып, жүлделі орындар иеленді; 3. Қалалық мектеп кітапханашылары конкурсына қатысып, кәсіби шеберліктің арқасында жүлделі II орынды Г.Аманжолова иеленді; 4. Республикалық мектеп кітапханашыларының арасында озық цифрлық және дәстүрлі іс-тәжірибеміз таратылып, арнайы марапаттар алынды; 5. «8 минуттық кітап оқу» инновациялық мектепішілік жобасы аясында «Ең үздік оқырман - 2026» сайысы жоғары деңгейде ұйымдастырылды; 6. Қалалық Кітап Квиздан 6-8 сыныптар арасында өткен интеллектуалды конкурста мектебіміздің 7 «А» сынып оқушысы Азат Айтұмар «Бас жүлдегер» атанды; 7. Нәтижелі жұмыс пен қоғамдық белсенділік үшін Қалалық «Нұра» ауданы әкімдігінің Алғыс хатымен марапатталды; 8. Білім басқармасының Алғыс хатымен кітапхана қызметінің жетістіктері жоғары бағаланды; 9. «Абай» электронды мобильді QR-кітапханасымен «Отан-мектеп» электронды бағдарламасы іске қосылып, оқушылар арасында заманауи цифрлық оқу тренді қалыптасты. 10. Кітапхана қызметін кәсіби деңгейде бағалап, халықаралық деңгейде Біріккен араб әмірліктерінің Дубай қаласындағы арнайы кітапханашыларға курстан өтуі.	1. Оқырман сұранысына ие заманауи танымдық және тәлімдік әдебиеттердің («Отбасы хрестоматиясы» сериясы, т.б.) көркемдік қорының жетіспеушілігі; 2. Оқушылардың тіл байлығын, сөздік қорын дамытуға арналған қазақша-орысша және терминологиялық түсіндірме сөздіктердің аздығы; 3. Кітапхана қорындағы әлемдік классиканы оқуға қажетті негізгі тілдік құралдардың (соның ішінде Ожегов сөздігі және т.б.) ескіруі немесе жетіспеуі; 4. Оқулықтардың күтіп ұсталуын, тұтынылу мәдениетін бақылауда (рейттік жұмыстарда) жүйеліліктің әлі де толық қалыптаспауы; 5. Әр тоқсан сайын оқу белсенділігі мен кітаптардың сақталу сапасы бойынша сыныптар арасында ынталандырушы тетіктердің (мысалы, ауыспалы вымпель, т.б.) жоқтығы; 6. Белсенді оқырмандарды демеушілер немесе мектеп атынан бағалы сыйлықтармен, арнайы брендтік дипломдармен марапаттау мүмкіндігінің шектеулі болуы.	1. Мемлекет басшысының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру» жөніндегі Жарлығын басшылыққа ала отырып, мектепте «Зерделі оқырман — зияткер ұлт» атты жаңа концептуалды жобалар желісін енгізу; 2. «Балалар кітапханасы» Президенттік бағдарламасы аясында заманауи балалар жазушыларымен, баспагерлермен кездесулер ұйымдастыру (бұған демеушілер мен меценаттарды тарту); 3. Кітап оқу мәдениетін арттыруда сынып жетекшілерімен байланысты нығайтып, «Үздік оқитын сынып» әр тоқсан сайын рейтингтік жүйесін енгізіп, ынталандыруда ауыспалы кубогын ұсыну; 4. Тәрбие жұмысы аясында кітапхана өміріне ата-аналарды белсенді тартып, «Буккроссинг: «Отбасылық кітап сөресі» және «Әже ертегісі» жобаларын заманауи подкаст форматында дамыту; 5. Әр сыныпта цифрлық немесе шығармашылық «Оқырман күнделігін» жүргізу арқылы балалардың сыни ойлау қабілетін және шығармашылық әлеуетін арттыру; 6. Сынып жетекшілермен бірлесіп кітапханаға заманауи трендтерді енгізу: QR-кітапхана желісін кеңейту, кітаптар желісі бойынша

		қысқа бейнешолулар (BookTok / Bookstagram) байқауын ұйымдастыру, оқушылар арасында кітапханалық квесттер мен интеллектуалды дебаттар өткізу.
--	--	--

Ұсынылып отырған СВОД-талдау кітапхананың дәстүрлі қызметін заманауи мемлекеттік бағдарламалармен ұштастыруға бағытталған. Алдағы оқу жылында Президент Жарлығында көрсетілген «Зерделі ұлт» концепциясын жүзеге асыру үшін кітапхана тек кітап беретін орын емес, коворкинг, цифрлық шығармашылық орталық және медиа-кеңістік (BookTok форматындағы бейнешолулар, сыныптар арасындағы тұрақты интерактивті рейдтер мен ауыспалы вымпельдер) ретінде дамитын болады. Бұл мектептің тәрбие бағытымен және ата-аналар қауымдастығымен байланысты жаңа деңгейге көтереді.

Қорытынды

Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2025–2026 оқу жылында жүргізілген жұмыстарға өзін-өзі бағалау нәтижелері білім беру ұйымының қызметі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және білім беру ұйымдары қызметін реттейтін қолданыстағы талаптарға сәйкес жүзеге асырылып отырғанын көрсетті.

Өзін-өзі бағалау барысында білім беру ұйымының қызметі құқықтық камтамасыз ету, басқару және жоспарлау, кадрлық әлеует, оқу-әдістемелік жұмыс, білім сапасы, тәрбие жұмысы, инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық қолдау, қауіпсіздік, цифрландыру және әлеуметтік әріптестік бағыттары бойынша зерделенді.

Гимназияда басқару қызметі стратегиялық жоспарлау негізінде ұйымдастырылған. Мектептің даму бағдарламасы, оқу-тәрбие жұмысының жоспарлары, мектепшілік бақылау жүйесі, педагогикалық кеңес пен әдістемелік құрылымдардың жұмысы өзара сабақтастықта жүзеге асырылып келеді. Басқару құрылымы функционалдық міндеттердің нақты бөлінуіне және командалық басқару қағидаттарына негізделген.

Кадрлық әлеуетті талдау нәтижесі педагогикалық ұжымның сапалық құрамының тұрақты дамып келе жатқанын көрсетті. Мектепте жоғары білімді, біліктілік санаттары бар, кәсіби даму траекториясын жүйелі жүзеге асырып отырған педагогтер қызмет атқарады. Басшылық құрамының тәжірибесі мен кәсіби құзыреттілігі білім беру ұйымының даму мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Магистр дәрежесі бар педагогтердің үлесі артып келеді. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарына қатысуы жүйелі жолға қойылған.

Оқу-тәрбие процесі мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу жоспарлары мен бағдарламалары толық орындалып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалау жұмыстары жүйелі жүргізіледі. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жұмысы оқу сапасын арттыруға бағытталған. Оқушылардың ғылыми жобаларға, пәндік олимпиадаларға, шығармашылық және интеллектуалдық байқауларға қатысуына қажетті жағдайлар жасалған.

Тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүйелі ұйымдастырылған. Ата-аналармен өзара іс-қимыл, қоғамдық ұйымдармен байланыс және әлеуметтік жобалар тәрбиелік жұмыстың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Гимназияда инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар қалыптастырылған. Педагог-психологтар, логопедтер және педагог-ассистенттер ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға қолдау

көрсетеді. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталған.

Материалдық-техникалық база жыл сайын жетілдіріліп келеді. Заманауи пәндік кабинеттер, зертханалық жабдықтар, компьютерлік техника және интернет желісі білім беру процесінің тиімді ұйымдастырылуына мүмкіндік береді. Мектептің цифрлық инфрақұрылымы білім беру процесін акпараттандыруға және электрондық ресурстарды тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде гимназия қызметінің негізгі көрсеткіштері білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарға сәйкес келетіні анықталды. Сонымен қатар білім сапасын арттыру, зерттеушілік мәдениетті дамыту, цифрлық технологияларды қолдану аясын кеңейту, инклюзивті білім беру сапасын жетілдіру және халықаралық тәжірибелерді енгізу бағытында даму бар екендігі айқындалды.

Жалпы алғанда, гимназияның кадрлық, әдістемелік, басқарушылық әлеуеті білім алушыларға сапалы білім беру міндеттерін орындауға жеткілікті деңгейде қалыптасқан деп қорытынды жасауға болады.

ҰСЫНЫСТАР

- 2028 жылға дейінгі даму жоспарының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу;
- Басқарушылық шешімдерді деректерге негізделген талдау нәтижелері арқылы қабылдау тәжірибесін жетілдіру;
- Мектепшілік бақылаудың тиімділігін арттыру.
- Педагогтердің біліктілік санаттарын көтеру көрсеткіштерін арттыру;
- Жас мамандарға арналған тәлімгерлік жүйесін жетілдіру;
- Педагогтердің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметке қатысуын кеңейту;
- Авторлық бағдарламалар мен әдістемелік өнімдерді әзірлеуге қолдау көрсету;
- Педагогтердің кәсіби конкурстарға қатысу белсенділігін арттыру.
- Lesson Study, Action Research, кәсіби оқыту қоғамдастықтары жұмысын жүйелі жалғастыру;
- Оқу процесінде саралап оқыту және дербестендіру тәсілдерін кеңінен енгізу;
- Пәндер бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстарын күшейту;
- Оқу жетістіктерінің мониторингі нәтижесінде түзету жұмыстарын ұйымдастыру.
- БЖБ, ТЖБ нәтижелерін тұрақты талдау;
- Білім сапасын арттыруға бағытталған пәндік қолдау бағдарламаларын әзірлеу;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу жүйесін жетілдіру;
- Дарынды оқушылармен жұмысты күшейту.
- Олимпиада және ғылыми жоба бағыты бойынша

- Олимпиадалық резерв базасын қалыптастыру;
- Ғылыми жобаларға қатысатын оқушылар санын арттыру;
- Республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми байқауларға қатысуды кеңейту;
- Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту;
- Волонтерлік және әлеуметтік жобаларға оқушыларды кеңінен тарту;
- Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік жобаларды көбейту.
- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын жетілдіру;
- Отбасы мен мектеп арасындағы серіктестікті нығайту;
- Ата-аналардың мектеп өміріне қатысу белсенділігін арттыру;
- Тәрбие және қауіпсіздік мәселелері бойынша ағартушылық жұмыстарды күшейту.
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды сүйемелдеудің сапасын арттыру;
- Педагогтердің инклюзивті құзыреттілігін жүйелі дамыту;
- Білім алушылардың эмоционалдық әл-ауқатын бақылау жұмыстарын жетілдіру;
- Буллингтің алдын алу шараларын тұрақты өткізу;
- Психологиялық диагностика мен кеңес беру қызметінің тиімділігін арттыру;
- Психологиялық сауаттылықты қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды күшейту.
- Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану аясын кеңейту;
- Жасанды интеллект құралдарын білім беру процесіне енгізу тәжірибесін дамыту;
- Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін арттыру;
- Заманауи оқу құралдарын кезең-кезеңімен жаңарту;
- Зертханалық және пәндік кабинеттердің жабдыкталуын жетілдіру;
- Кітапхана қорын жаңа буын әдебиеттерімен толықтыру.
- Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру;